

П И О Н Е Р



Н О Я Б Р Ъ

1948 Ж Ы Л

№ 11

А Л М А Т Ы

ОБЪЕКТ. ЛЬНЫМ ЭКЗЕМП



Ленинше өмір сүріп, Ленинше күресе біліңдер

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің секретары Жұмабай Шаяхметов
жолдастың Алматы пионерлері II слетінде сөйлеген сөзі.

Хұрметті жас достар!

Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті атынан сендерді, қалалық екінші жас пионерлер слетіне қатысушыларды құттықтаймын және большевиктік жалынды сәлем жолдаймын.

Бүгін сендер өздеріңнің туған ағаларың — Бүкіл-одақтық Лениндік Коммунист Жастар Одағының туған күнін тойлап отырсыңдар.

Пионерлер, сендер ертең орнын басатын комсомолды большевиктер партиясы, оның сүйікті көсемдері В. И. Ленин мен И. В. Сталин құрып, тәрбиелеп өсірді.

Комсомол даңқты, ұлы жолдарды басынан кешірді. Ол азамат соғысы дәуірін, халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарын, сталиндік бесжылдықтарды, Ұлы Стан соғысы майдандарын басынан өткізді. Комсомол әрқашанда советтік Отанымызды қорғаушылардың, социализм құрушылардың, бақытты жаңа өмір жасаушылардың алдыңғы қатарында болды. Отан алдындағы аса зор еңбектері үшін комсомол Совет Одағының үш орденімен наградталды.

«Комсомол әрқашанда біздің жауынгерлеріміздің алдыңғы сапында болды. Мен біздің революцияшыл өміріміздің уақытгаларынан оның кейін қалып қойған кезін білген емеспін».

Совет халқының ұлы көсемі, балалардың сүйікті досы Носиф Виссарионович Сталин комсомол туралы осылай деді.

Ленин комсомолы — Коммунистік партияның сенімді жәрдемшісі, жас пионерлердің досы және тәрбиешісі.

Ленин комсомолының мүшесі болуға дайындалу — ең ардақты армандарың және езгі тілектерің болуға тиіс.

Сендер, совет елінің балалары, дүние жүзіндегі ең бақытты балаларсыңдар. Большевиктік партияның, қымбатты көсеміміз Сталиннің қамқорлығы арқасында біздің елімізде сендердің қуанышты, бақытты өмір сүрулеріңе барлық жағдай жасалған. Сендер үшін кең жарық мектептер, сәулетті сарайлар, сәнді театрлар, тамаша бақшалар және бай кітапханалар салынды.

Капиталистік елдердегі жұмысшылар мен шаруалардың балаларында мұндай жағдай жоқ. Онда, капиталистік елдерде, балалар қаршадайынан-ақ құлдық пен қанауға ұшырайды, балалық шағын бақытты өткізудің орнына, олар бір тілім нан үшін таңертеңнен кешке дейін капиталистерге еңбек етеді.

Балалар, сендер капиталистік тұрмыстың мұндай зардабын ешқашанда тартпайсыңдар.

Кейде көшеде бір баланың келе жатқанын көресің, оның қолында кітап салған портфелі, мойнында қызыл галстук. Бала — көдімгі бала сыяқты. Ал, осы балаға карап тұрып, қуанасың да ойлайсың: Егер бұдан 31 жыл бұрып Ұлы Октябрь социалистік революциясы болмаса, бала, сен не күйде болар едің? Бестыйындық бақыр үшін қай мастерскойда жұмыс істеп жүрер едің? Қай заводта жүріп бейнетке батар едің?

Ал, әлгі бала ойында еш нәрсе жоқ келе жатыр.

Біз, аға ұрпақтың адамдары, бұл сөзді айтқанда, балалардың бұл жөнінде көбірек ойлануын және оларға бақытты өмірдің аспаннан түспегенін, оның қанды күрестердің нәтижесінде ғана пайда болғанын әрқашан естерінде сақтауларын тілер едік.

Балалар, сендердің мақтануларыңа тұрарлық нәрсе бар. Сендер адал, батыр және еңбек сүйгіш адамдардың балаларысыңдар, сендер 1917 жылғы ұлы революцияны жасаған адамдардың немерелерісіңдер. Помещиктер мен капиталистерден тазарған жердің мұрагерлері сендер боласыңдар. Ол жерді сүю керек.

Сендер, жас жолдастар, социализммен коммунизмге қарай бет алған заманда өмір сүріп, өсіп келесіңдер.

Сендердің алдарыңда мұнан да жарқын болашақ күтіп тұр. Бұл болашақтың қызықтылығы сонша, сол үшін күресте бізді ешкім де тоқтата алмайды. Жас достар, бұл болашақ сендердікі!

Коммунистік қоғам орнату үшін совет балалары қажымай-талмай оқып үйренуі керек. Қай жерде, қай уақытта болмасын өз ұйымдарыңның туындағы Ленин атын жоғары ұстауға тиіссіңдер.

Владимир Ильичтің «оқы, оқы, тағы да оқы», деген хасиетті еснетін бұлжытпай орындаңдар.

Озат оқу, үлгілі тәртіпті болу — әрбір пионердің борышы. Озат оқумен, саналы тәртіппен және өздеріңнің эвено, отряд, дружина жұмыстарына белсенді түрде қатысумен ғала пионер совет оқушыларына үлгі бола алады.

Ұлы халқымыздың лайықты ұл-қыздары болуды аңсаған сендердің езгі армандарыңда халықтың бақыты үшін В. И. Лениннің өмірі мен күресі, И. В. Сталиннің өмірі мен күресі сендер үшін жарық жұлдыз болуға тиіс.

Өмір сүріп, күресе білуді, ұлы Ленинен және балалардың сүйікті досы — Сталин жолдастан үйреніңдер!

төн кем болуға қақысы жоқ, — десті бірге қайтқан жолдастарым.

1913 жылы Роман тұқымының патшалық құрғандығына үш жүз жыл толуына байланысты шетелде жүргендерге кешірім жарлығы шықты. Мен Россияға қайтып келдім. Бірақ, туған жерім—Торғайда тұруға қақым болмады. Шетелден қайтқан жолдастарыммен бірге мен де Петербурға бардым.

Петербург Октябрь революциясының бесігі болды. Петербуртта жалықпай, жасқанбай жалын ортасында жүрген көптеген адамдар болатын. Олардың ұйтқысы — ұлы Сталин, Калинин, Свердлов, Дзержинский тағы басқалар еді. Олар халықты империалистік соғыстың ылаңынан сақтап қалып, социалистік революция жасау жолында күрес жүргізді. Ол кезде партияның Орталық Комитетінің секретары Свердлов еді. Революционерде дем алу, жеке өмірдің қамын ойлау, жалығу деген болмады. Не өрт, не өлім оларды жасқандыра алмады. Олар—балға ауыр тиген сайын шыңы жетіп қатая беретін құрыштай адамдар еді. Ешбір хауіп оларды жақсандыра алмады. Олар бар өмірін халықтың бостандығына арнады. Мен 1915 жылға дейін партиялық іспен таныса жүріп, 1915 жылы большевиктік партияның қатарына өттім. Ол кезде — партияның мүшесі болған кісінің атқаратын міндеті қандай қыйын болса, партия билетін сақтау да сондай қыйын болатын. Бірақ, билетіме кір түсірмей ауыр жағдайда екі жыл сақтадым.



1917 жылдың аяғында мені Орталық Комитет шақырды. Онда мені бір жолдас алып барды. Мен бір тол адамның үстіне кірдім.

— Қазақ даласынан келген кісіміз осы, — деді мені ертіп апарған адам, стол басында отырған бір жолдасқа. Ол менің бетіме қарады да:

— Мен бұл кісіні бұдан жеті жыл бұрын шетелде жүргенде көргенмін, — деді. Ол кісі қол ұстасын амандасып, аты-жөнімді сұрап болып:

— Таныдыңыз ба? — деді. Мен ойлансып есіме түсіре алмай тұрғанда, ағаш арасындағы жыйналыс өткен жерді өзі айтып жіберді. Швейцарияда сөзін тыңдаған мұғалімім Владимир Ильич Ленин екен. Ол кісі мені Дала өлкесіне Төтенше комиссар етіп тағайындап, жауынгерлік тапсырма берді. Ол кезде Дала өлкесін ақгвардеецтер мен алалпордашылардан азат етуде халық батырлары Чапаев пен Аманкелдінің отрядтары қаһармандықпен күресуде еді. Мен халық батырларына шамамның желгенінше қолқабысымды тигіздім. Екеуінің де дапқы жер жарып, жаудың шебін талқады.

Чапаев пен Аманкелді жау қолынан құрбан болды. Олар сыяқты талай ерлер халық бостандығы жолында қаза тапты. Ол ерлер өздерінің қанымен жас совет мемлекетін қорғап қалды. Халықтың қолын бақытты өмірге жеткізді. Олар халық үшін, келешек ұрпақтардың бақыты үшін күресті. Олардың ісі — Ленин — Сталин ісі үшін күресте ұрпақтарына үлгі.

А Л Т Ы Н К Ү Н

Алтын күн шапағына ұлы Октябрь
Бөленіп сәулеттене шашады нұр.
Айбыны ғасырлардың атасындай,
Жылдардан миллиондаран биікте тұр.

Өмірдің бір өзінде бар тұлғасы,
Октябрь — зор бақыттың шық-қыясы,
Біздерге, еркін өмір куәсіне,
Төгілген жарқ-жүрқ етіп шұғыласы.

Ұран тұр алтындалған жолында оның,
«Төрінен коммунизм ал» деп орын.

Келеді Ұлы Сталин алға бастап,
Бөгесіз халқымыздың қалың қолын.

Октябрь толды быйыл отыз бірге,
Дем беріп еңбектегі тасқынды үнге.
Келді әні!

Кұрыш білек, алып жігіт
Жырлардың батыры боп барлық тілде.

Қарсы алып Октябрьдің мерекесін,
Қарсы алып отыз бірде ел еркесін,
Шығамыз алтын тудың аясында,
Әлемге әйгі етуге елдің күшін!

Б. ТОҚТАРОВ



Ғ. СЛАНОВ

Суреттерін салған Б. ЧЕКАЛИН

«Адамды адам еткен — еңбек».

Ханбибі апай осыны екі сөзінің бірінде айтып, құлағымызға сіңірген. Еңбек болмаса, өмір болар ма еді! Апайдың айтқаны рас. Апай деймін-ау, өзі тоғызыншы класты быйыл бітіргемі жүр. Жүзі дөп-дөнгелек, ашпақ, бойы да жіп-кішкене ғана. Ұйғыр қызы. Ол біздің вожатый. Менің ойымша, Ханбибінің білмейтіні жоқ. Тегінде оның жасы үлкендігінен бұрын, көп білетіндігін сыйлаймыз-ау деймін. Тіпті Ханбибімен бірге оқыйтын Артық та оны қандай сыйлайды.

Кеше сабақтап кейін жыйынымыз өткен. Сонда апайдың ұсынысымен колхоздың жаңа құрылысына пионерлік көмек етпек болғанбыз. Бүгін, ертеңгі кезекте оқыйтын пионерлер жыйналып, сабақтап кейін Ескі қаладағы мектептен Жаңа қала басына келгенбіз. Әрине, біздің тұрған селомыз қала емес, кәдімгі село, жаңадан салынып жатқан да—село. Бірақ, екеуін де өзіміз қала дейміз, бірін Ескі қала, екіншісін Жаңа қала деп атаймыз. Әуелі қаланы араладық. Аралап жүріп, колхоздың болашақ үлкен қаласының үйлерін санап шықтым. Әлі төбесі жабылмай, тек қабырғасы қаланып тұрған үш жүз елу үй. Апайдың айтуынша, соғыс басталған жылы осы қалпында, салынып болмай тоқтап қалған. Енді, соғыс басылған соң, бітпей қалған қаланы быйыл сәндеп, салып бітірмекшіміз. Оқу жылы бітуге таяу. Енді осыған біз де көмек етпекшіміз.

— Әліміздің жеткенін істейміз. Оқу да тәрбие, еңбек те тәрбие. Екеуіне бірдей пионер ғана шын өнегелі пионер! — деді апай. Бұрын талай көрсек те, апайдың әңгімесінен кейін Жаңа қала жайын енді ғана толық аңғарғандай болдық. Болашақта әрқайсымыз электр шамы, радиосы бар үйде тұрамыз. Керек десеңіз, су түтігі де әрбір үйде болмақ.

Ханбибі апай қала қаңқасын аралата жүріп осылардың жайын айтқанда, менің көз алдыма сондай сәнді үйлер тізіліп келіп тұра қалды...

Менің досым, қырғыз баласы Манас қасымда тұр еді, мені тұртіп қалды:

— Жақсы болады екен-ау!..

Ханбибі апай оның сөзін естіп қалды да:

— Колхозымыздың сол жақсы күні тез келсін дөсек, не істеуіміз керек? — деп әрқайсымызға бір қарады.

— Сіз жұмсаңыз, біз атқарайық! — дедім мен.

Апай ертеңгі күннің жоспарын айтты. Бір тобымыз қала көшесіне ағаш егетін бағбан Антошаға, бір то-

бымыз көшелерге арық қазушыларға болыспақшы болдық.

Күн кешкіріп қалды. Басқалар тарағанда, Манас екеуіміз бір бөлек кеттік. Біз көше бойындағы Антоша қарттың қасына келгенімізде, колхоз бастығы Мұхит ағай да бізге таянып еді. Ол атынан түсе салып, бағбанның шаншулы тұрған күрегін ұстады.

Екеуі де біздің талабымызды қоштап жатыр:

— Жарайсың, пионерлерім! Бәсе, сендердің игілігің бәрі де. Бәрі де сендер үшін, бәрі де... — деседі.

Мұхит ағайдың нығыз денесі бүлкілеп, күректі жерге көміп-көміп жіберді. Ұйысқан жирен сақалды, орта бойлы Антоша қарт балғын жас тал, шегірттік, терек бұтақтарып іріктеп отыр. Манас екеуіміз қартқа болыстық.

— Осы төңірек бақ болады дейсің, ә, председателім! — деп қарт бөліп жазып түрегелді де, мыжынып таяна тұрып. — Өзі Көкдолының жағасы, жар басында, биік. Сонда мына аумақты қоршап ағаш егу керек болады.

Мұхит ағай күрегін бір көтеріп тастап:

— Алқыныш қалдым ғой, — деп тұра қалғанда, тынысы дәлдің кең кеудесі көтеріліп басылды.

Батысқа қарай қайтқан күннің сары ала жалқыны жатық бетін алға тосады. Балбырап бусанған өлке бетін көктемгі еңбек шаптараздай сылап, трактор, машина үшін, адам даусын, қатардан соққан өзеннің жарынан төбесіне көтеруде. Жақын жердегі электр станциясының дүрс-дүрс соққан жүрек тынысы да, сырымдатып ағаш тілген ұста дүкені де асығыс үндер қатқандай. Бәрі де «еңбек, еңбек» деп жатқан сыяқты маған. Мұхит ағай қартқа көзіп төңкерді:

— Еңбек адамды көрікті де етпек, тынысты да тазартады...

— Рас, денсаулығыңа жақсы. Дене қыймылдағанның зияны жоқ, председателім! Білгый қарағза тесімгенде неғып іштерің ныспайды екен деймін. Балта ұстап, пышақ алып, тал жөнбасам, ішкенім әс болмайды, — дейді Антоша қарт. Ол колхоздың бақшы пемесе бағбан қарты ғой. Шын аты Антон. Жайдары, ақ көңіл, бала мінезді болғандықтан сақалы беліне түссе де, жұрт оны Антоша дейтін. Мұхит ағай алқыпғанын басқандай болып еді, Антошаға күле қарады:

— Ал, Антоша, осы бағытыңыз бағыт-ақ. Бақ, тал жайын менен сұрамайсың ғой. Осы аумақты айналдыра орап еге берерсің, — деді Мұхит ағай.

— Екі айтқызғанды ұнатпаймын. Көшелерге, қала аумағына, клуб, мектеп салынатын төңірекке тұтас егеміз. Ендігі жылы көр, әлі, қандай болар екен. Қайырбек келді ме?

— Қайырекен маған да керек еді. Қайтқан жоқ. Неғып алданғанын білмеймін, — деп Мұхит ағай Жаңа қаланың шығыс жағындағы биіктерге көз тастап жіберді. Мен де сол жаққа қарадым. Қайырбек өзіміздің ауылдың аңшы қарты еді. Оны бұлардың неге хажет еткенін кейіннен ғана білдім... Я, мен де Мұхит ағай қараған жаққа көз салдым.

Биік таулар бұл арадан алыста емес, аспанға өрлей керіліп, бірінен-бірі биік, кестініп-кестініп тұр еді. Сол жақтан кең өріс жеріне сарқырай құлаған Көкдолы сарыны күндегіден күштірек шығып жатқан сыяқты. Мұхит ағай енді батыс жаққа жалт бұрылды:

— Талай уақыт болып қалыпты ғой. Ал, бағбаным, ісіңе сәт! Жүрегің қалай соғып жатыр екен?..

— Жолың болсын! — деп қарт шапшаулы тұрған қайың салты күректі қолына ала берді.

Мұхит ағай Антошадан бөлініп, қатардағы өзен жарының қыратына қарай асыға жөнелді. Өзіне өзі күбірлеп: «Жүрек екені рас» дейді.

— Жүрегіңіз не, аға? — дедім мен оған ілесе түсіп. Манас Антошаның қасында қалды. Мен ағаймен бірге барып қайтпақ болдым. Ол кісі маған қарап күлімдеді де:

— Электр станциясын айтамы. Болашақта бар жұмысымызды электр жеткізеді. Ленин атаның коммунизмге апаратын елімізді электрлендіру ісі болады дегенін есітіп пе едің? Біздің өндірістің жүрегі!.. Барасың ба? Жүр, кәне...

Ағай айтпақшы «колхоз жүрегінің» соғуына хауіп туған бір тасқын елесі сол арада көз алдыма үйірле қалғанды:

... Үйдәй тастарды әңгелек ойматын тау тасқыны келіп қамды. Көкдолының арнасы кемеріне сыймай, көбік атып, асып тегіліп жатты. Былтыр жазда орнатылған кішкене электр станциясы хауіптің көгіне ілмекен. Қыр басынан асылдыра өзеннен бұрылған тоған жарлауыттан тік түсетін. Осы арада станция болушы еді. «Тасқын келіп қалды» дегенде мен де станцияға қарай көңімен бірге жөнелгем. Жұрт үнсіз аңтарылып, біріне-бірі қарайды. Сасқан пішін әрқайсының өңінен де көрініп тұр. Кейбір жүздер қанын ішінде тартып сұрланып та кетіпті. Машинист Дмитрийдің аққұба, ашандау өңі маған сонда елден ерек көрінді: көзінен от шашып, ішінде бұққан ұяқты алғызыл тартқан аққұба шырай толқытын өкен



сыртқа шығарған. Ол, әлгі бағбан қарттың баласы болатын. Колхоздағы комсомол комитетінің секретары Тұрдыахон да әлдеқайдан сонда жеткен екен, кұж денесі қақпақтай жауырынына айдысын артып, қара көздері ұяттана жалт-жұлт етеді. Мұхит ағай сол екеуіне бір қарағанда-ақ үшеуінің үні бір жерден шыққан:

— Ал!.. — десті.

Мұнан басқа сөз айтылып та үлгірген жоқ, көз ілеспес қыймыл басталды. Біз де араласып кеттік...

Қалқан тауларының биіктерін басына көтерген аңғарлардан арқырап атқыған долы тасқындар: «Алам, жұлмын әкетем!» деп көбігін ойната, жолдағыны жапыра келетін. Көкдолы өзені өрінен алынған тоғандарды да кернеп, асыр сала тулап жатты. Айтатыны жалғыз сөз: «Алам! Алам!» Тасқынмен алысқан біздің қыймылымызда да жалғыз жауап:

— Ала қояр ма екенсің! Бере алмаспыз!..

Қалай берерсің! Колхоз өндірісінің жүрегі осы. Бұл — өмірдің өзегі. Бірі — машинист, бірі — ауылдағы комсомолдардың жетекшісі, бірі — колхоз өндірісінің командирі. Жүректі соқтырған осылар. Біз, пионерлер, соларға көмекшіміз. Үлкендердің көбі Отан соғысының қап майданында бірі солдат, бірі офицер болып қайтқан. Енді игі өмірдің көрігін қайтадан қызу соға бастағанда, жаратылыс сұрашылы келеді де: «сынырып әкетем» дейді.

— Бере алар ма екенбіз?

Ағайлар дауыстап айқайламаса да, іштерінен ұйығандай еді. Үнсіз қыймылмен тізе қосып, станцияның қымбатты жабдықтарын қыр басына шығарып алысқанбыз, сонда...

Мұхит ағай екеуіміз жар басындағы тоғанға келіп жеттік.

Тоған екі айырық еді. Бірі станция жүрегіне тік құлап барады. Екіншісі қалтарыс айырық. Айшала

кенересі тастан құйылған кішкене қойма суы тор ауыздан үйіріле толқып, турбинаға қарай сүнгін жатыр. Қалтарыс айрықтың қақпасы берік. Ауысқан су одан шыға алмай, тас қабырғаға көпіре соғып толқын көп қайтадан үйіріледі. Алдындағы өзен алқабына, жаратылыс сұралымын оқта-текте соқтыратып шығыстағы қарлы таулардың аңғарларына баса бір қарап алып, Мұхит ағай төмендегі қызыл шатырлы станция үйіне қарай түсті. Мен оған ілесіп келем. Іштегі турбина генератор басында Дмитрий, оның қасында бізден аз-ақ үлкен Дәулет тұр. Су күшімен күшшегі жіті айналмап турбина дүрс-дүрс, күпшекпен жалғасқан темір белдік генераторға жан салып, о да күрс-күрс айналалды. Электр қуатын өлшеуін тілдері ойнақ қағады... Өнердің жігерін қозғаған екі ағай қас қақпай тұр екен. Осы көріністерді көргенде мен «электрик болсам қайтеді» деген ойға кеттім... Осының бәрі адамның еңбегімен істеліп жатыр. Еңбек бәріне қожа. Еңбек еткен адам қожа, бәріне!... Ханбибі ағай дұрыс айтады... Дмитрий жалт етті де, айқайлап:

— Тек бағандарыңды жеткіз, Мұха! — деді Мұхит ағайға қарап.

— Өндірістің бар тарауын осыған көшіріп, Жаңа қаланы да, Ескі қаланы да жарыққа бөлеуге қуатың анық жете ме?

— Елу киловатт жетпегенде қайтушы еді? Қазір, ұсталар дүкенінен басқа жер жарық та алып тұрған жоқ қой. Асығу керек. Столба керек!

— Қап, енді!.. — деп, Мұхит ағай жөнеле берді.

Мен сол арада аңтарылып тұрып қалып едім. Неге кідіргенімді білгендей, қасыма Дәулет келді. Одан мен іркілмеуші едім, электрлік болғым келетін талабымды айттым.

— Несі бар! Талаптансаң, үйрену қиын емес.


Одан әрі Дәулет өз білгенін маған үйретпек болды. Ол біздің колхоздың баласы, өзі қаладағы қол өнершілер мектебінде оқушы еді. Ол мектептен біреу ұста, біреу слесарь, біреу машинист болып шығады екен. Мектебінің жайын айтқан сайын мен қызыға түстім, Дәулеттің айтуынша мотор тілінің бәрі бір, бірін білсең, бәріне жетілу қиын болмайды, дейді.

— Мен тәжірибеге осында келіп жүрмін. Бүгінгі ісім бітті. Жұр, кәне колхоздың дүкен сарайына бара кетейік. Онда менің бірге оқыйтын жолдасым, әлгі қара бала бар, — деді Дәулет.

Екеуіміз станциядан шығып, жіті баса жөнелдік. Сарай басына тез-ақ жеткен едік.

Біріне бірі жалғасқан кеуделі кең үйлер: бірінде ұсталар дүкені, бірінде ағаш шеберлері, колхоздың дпирмені де осыларға жалғас. Биік қабырғадағы дем тартқыштар зырылдап, әндетіп тұр. Электр қуатымен шоғы жайнаған көрік, көріктен ағарып шыққан темірлерді соққан балғашылар жарқылдатып ұшқын шашады. Арбаның күпшек темірлері, шығыршық, тетік-бұрандалар, сом темір, сымдар әржерде жатыр.

Дәулет ұсталарға кідірмей, жалғас үйдегі ағаш дү-



кеніне кірді. Түптегі динамодан электр қуатын алған үлкен араның жүзіне көз ілеспейді. Маңдай теріп сынырып тастап, өзіміздің қара бала араның жүзінен көзін алмайды. Оқта-текте ғана шекесін қыйсайтып мотор үніне құлағын тосады. Қысқалау бөренені ара жүзіне екі жігіт сүйемелдеп тосып тұр. Өлгіде ғана тұтас бөрене лезде-ақ тілініп қалып жатыр. Қара бала да маған таныс, о да біздің колхоздың баласы, Дәулетпен бірге оқыйтын оның әлгі де айтқан жолдасы да сол.

Тілінген тақтайды бір бүйірге жыйнап жүрген екеудің қасында тұрған Мұхит ағайды көріп, мен енді соның қасына үйірлім.

— Ал, ал! — деп Мұхит ағай, завхоз жігіт Кенбайға сөйлеп тұр, — ағашың қайда? Азайынты ғой... Комбинатқа бардың ба?

— Бермесе, қалай алам? Өздеріне де жетпей жатыр.

— Не дейді? Қашан бермек?

— Қашан дейтіні бар ма? Шахталарының тіреулеріне ағаш керек боп, Сибирьге жіберген адамдарын күтіп отырған көрінеді. Жоқ болса, қалай берсін? Төсеген ағашына жол түспей, молығу қайда? Айтпап па едік...

Мұхит ағайдың маңдайын жарып түскен қос сызық шүңдеттене түсті.

— Осы, электрді ақ сәуле дейтін сен бе едің? Есітіп едім... — деді Кенбайға тесіле қарап. Жайлау күні де келер, көк те толысар. Асықпа. Ісіңе асық. Дпирменді тез жүргіз. Өзің айтқан ақ сәуленің қуаты ғей, бұл. Сен соған ілесе біл, әнеки үйді-үйге шам керек, радио, телефон, сым, бағана... Я, бәрінен бұрын бағана ағаш. Қайдан аламыз, ә?

— Төсегеннен аламыз!

— Жол түскенше жылдағыдай Аспанкөл мен Көкдолыға сенеміз де. Топ құрап аттандыру керек. Осыған қамдан. Көшке алқа мәжлісі. Ойланып кел...

(Жалғасы бар).



(Повестен үзінді)

К. ОРАЗАЛИН

Суреттерін салған Б. ЧЕКАЛИН

— Жаңа ғана аздаған көрек алды. Жақсы сөйлейтін болды. Ендігі келгеніңізде амандасып, сөйлесерсіз. Осы кезде әлсіз.

— Өзімнің де көп отыруға уақытым жоқ. Аңадағы офицерлері өлтірілгеннен кейін ешкімге де сенбейді. Күзетшілер құдықтан су алғызбайтын да болды. Ешкімді деревнядан шығармайды да, белгілемейді де. Олардың заңы әр солдаттың қолында ғой, таң атып кетеді, жөнелейін.

— Ал, тез кет, сөздіріп алып жүрерсің.

Деревня әйелі кетіп бара жатып, қайта бұрылып:

— Катя, айтқандай ұмытып барады екемін ғой, Михайл Федоровичке айтарсың, аңадағы көмдірген мина қардың астында қалды. Өзіміздің адамдардың бірі түсіп қалып жүре ме, алып басқа жерге көмдірсе деймін, — деді.

— Келгеннен соң айтайын, басқа өзгерістерің жоқ па?

— Жоқ. Айтқандай, деревнядағы екі сыйырдың бірін кеше немістер бұзауын шығарып тұрып сойып алды. Бүгін сондықтан да сүт аз болды. Ой, Катя жан, неғыласың, сыйырдың иесі бір сорлы кемпір еді, сойып ал дегенімізде болмай, енді ақырында өзіне де бұйырмады. Кемпірдің тамағы да қалмапты. Үйінде жатқан солдаттар екі тонна картобын да күндіз-түні былапыттап, екі айға жеткізбей тауысты.

— Сендер көмектеспейсіңдер ме?

— Бізде болса өлмес еді-ау, біртіндеп бәрімізді де жайпап келеді. Ал, жарайды, кетейін. Ол есікке барып, тағы да қайта бұрылды.

— Елден не хабар бар?

— Хабар жақсылық. Калинин майданында Ржев, Сычевканы бүгін-ертең біздің әскерлер алу керек.

— Ой Катя жан, сүйінші неге сұрамайсың!? Ел-жұртқа айтып, бәрін де қуантады екенмін. Біздің деревнядағы немістердің күн-күн сайын азайып бара жатқанын да тегін демейміз.

— Вера! — деді Катя, ол есіктен шығып бара жатқанда. — Бәріне де сәлем айт.

Бұлар ақырын сөйлесе де Жексен әңгіменің бәрін де естіп жатты. Катя шай ішілген ыдыстарды жыйнап, шөлмектегі сүттерді бір ыдысқа құйып пештің жанына қойды. Сүйтті де мылтығын алып тысқа шықты. Әрі-беріден соң бағанағы баланы ертіп қайта келді.

— Шешін де, ана төсекке ұйықта! Мен өзім қарайтын боламын. Шеткі күзетшілер ұйықтамап па?

— Жоқ, мен-ақ тұрайын, сіз дем алсаңызшы!

— Көп сөйлемей, енді дем ал. Суық ұстап, ауырын қаласын.

Бала қайта жауап қайырмады. Катя оны шешіндіруге өзі де көмектесіп еді:

— Шөлдедім, — деді ол пеш жаққа жалтақтап қарай түсіп. Өткір көзін аңда-санда Жексенге бір төңкеріп қойды.

— Нан жеп, шай ішемісің?

— Жоқ, — деді ақырын ғана.

— А, — деді Катя күліп, — сүтке шөлдеген екенсің ғой.

Катя стаканды алып, пешке таман жүргенде, бала тездетіп төсекке жатып басын одеялмен орап алды.

— Петя, түрегел — деді Катя, — мә сүт! Ішіп ұйықта. Тұр енді, мен тысқа шығамын. Партизан бала осылай бола ма?

Бағанадан қозғалмаған Петя, кәрпелің астында жатып, простианың астынан кішкене қолып созды. Катя күлімсіреген бетімен стаканды берді. Петя басын ашпастан сүтті ішті де, стаканды қайта ұсынды. Катя стаканды былай қойып, оның бас-аяғын тұйықтады. Осы көріністің бәрі Жексенді еріксіз сөйлетті.

— Қарындас, бұл Петя неғылған бала?

— Партизан отрядінің баласы.

Петя ұйықтады ма, ұйықтамады ма, қозғалмады. Осы түнгі ақтық сөз осы болды. Катя біржолата киініп күзетке шықты.

III.

Жексен ояғанда таң атыпты. Төрт көзді терезе үйдің ішіне жап-жарық сәуле беріп тұр. Терезені үйден келбей қазып шығарыпты. Петя әлі де ұйықтап жатыр. Катя стол маңында бір нәрселерді күйбеңдеп жөндеп жүрген сықылды еді, жөтелген Жексенге жалт қарап, бері жүрді.

— Қалай, тәуірсіз бе?

Бұл сөзін Катя даусын шығарып, бір түрлі көңілді, көңілге жағымды әуезбен айтып еді.

— Жақсымын.

Катя термометрді әкеліп тағы да Жексеннің ыстықтығын өлшеді.

— Жексен! — деді Катя, күлімсіреген жүзімен. — Сіз Максим Федоровичті білесіз бе?

Жексен атын білгеніне танданған жоқ. Документтерім осылардың қолында екен деп білді. Өзі білетін адамдарды ойлады да.

— Жоқ, білмеймін, — деді ақырып. Бәрін де есіне түсірді. Біздің жауынгерлердің арасында ондай адам болған емес. Менен басқа тағы да жаралылар бар ма? Салаватты Сергей деп жүрмесе деп те күдіктенді. — Неге сұрадыңыз? Максим Федорович сіздің қандайлық жақын адамыңыз еді?

— О кісі менің әкем болады.

— Әкеңіз қайда еді?

Катя күлімдеп:

— Ол әкей осында, — деді.

Жексен қыздың сөзінен бір тұтқыйылға қамала қалды. Сасып та қалғандай болды.

— О кісі мұнда болса, менің білетін орайым да жоқ қой.

— Мүмкін, білетін боларсыз. Айтсаңыз да, келіп-кететін ешнәрсе жоқ.

— Мұнда кім болып қызмет істейді?

— Осындағы партизан отрядінің командирі.

— Партизан отрядіне болып көрген емесің, білмеймін.

— Өзін көрмесеңіз де, атын естіген шығарсыз? — деп Катя күлімсіреді.

— Өзім білетін жолдастарымның ешбіреуі әкемнің аты Максим Федорович деп айтқан емес.

— Ойлана түссеңіз табарсыз, ойланыңызшы! Таныс адамдарыңыздың бәрін де есіңізге түсіріңіз.

— Сіз осынша қадаласыз. Неге сұрайсыз? Әлде мен ол адамның алдында жауаптымын ба? Айтыңызшы, қарындас, өтінемін! Мені қыйнамай айтыңызшы, нендей іс болса да айтайын.

— Қыйналатын нәрсе емес, — деді термометрді алып жатып. — Ыстықтығыңыз 37 де 3. Кешегіден бүгін көп жақсысыз.

— Өтінемін, қарындас, айтыңызшы!

Бұрын үсік шалып жазылған Катяның екі бетінің үші кызғылтым тартып, толқыған әсерлі жүзінде ұялудың нышаны бар секілді еді. Басына бүркеген одеялын кейін серпе, Петя оянып кетті. Сөз де үзілді. Ол төсегін сықырлата керіліп барып, басын көтерді. Катя стол үстінен жуылған Петяның іш киімдерін алып алдына тастады.

— Аталарың әлі келген жоқ.

Петя басын тізесіне жеткізе еңкейіп, қайта көтеріліп, алақанымен екі бетін ысқылап жіберді де, Жексенге қарады. Көзіне көзі түскенде бейне бір жатымсыз іс істегендей, болмаса оянғаннан бергі керіліп-созылғаны бөтен адам алдында өрескел көрінгендей болды ма, одеялды тағы да басына бүркеп жатып, киімдерін ауыстыра бастады. Енді бала жайланып кінді. Беті-қолын жуды. Сөйтті де Жексеннің алдына келіп, өз төсегіне отырды.

— Кеңіріңіз, аға! — деді Петя, Жексеннің қолын ұстап. — Мен сізге сәлем бергенім жоқ.

— Онда біздің үйреткенімізді жақсылап ұққан екенсің ғой, — деді күлімдеген Катя.

— Катерина Терентьевна, кінәлімін.

Ол Жексенге қарай түсіп, кешіруді өтінгендей. Жексен оның кіпкене саусақтарын ақырын ғана қысып:

— Оқасы жоқ, інім, сыйлағаныңа көп рахмет!

— Сіздің жараларыңыз өте ауыр екен, шешіндіргенде көрдім. Қазір ауырмай ма?

— Ауырмайды.

Баланың бетіне қуаныш жүзіп шыға келді.

— Онда өте жақсы болды, осында жатып-ақ жазылады екенсіз. Бірқатар адамдар осында жатып-ақ жазылып кеткен болатын.

Тыста келе жатқан адамдардың дүсірі білінді. Елендеген бала:

— Келіп калды, барып айтып қуантамын, — деп фуфайкесін киіп ұмтылды.

Катя да асыға шығып еді.

Жексен осы көріністердің бірінде не сырдың жатқанын түсінбеді. Катяның жұмбақ сөздері әлдекімге жорамалдайды. «Кім» деп біледі? Пендейлік себептермен ұқсалды? Бала кімді қуантпақ? Неліктен? Максим Федорович, ол кім? Бәрі де жұмбақ? Адалдық, адамдық, деп соғатын жүрек, тапқыш сезім, жүйрік қыял, бойға біткен қайрат, бар ақыл осы сырды тап басып шеше алмай қалжырағанға ұқсайды. Есікке келе жатқан адамдардың асыға басқан дыбысы білінеді.

— Осында жатып та жазылатын сықылды, — деген Петяның даусы шығады.

Жексеннің бір сезім мүшесі денесіне бір әсерді алып жеткізгендей болып, жүрегі дүрсілдеп соғып қоя берді. Жүрегі бұғалық көрмеген асаудай бұлқынды. Аузынан атып шығып кететін сықылданды.

Фуфайкесінің сыртынан белдік буынған, бұрыл шашты қасқа бас қарттың көзі қатпар басқан қабақтың астында жарқ ете түсті. Ол алдыменен Жексеннің қолын алып, содан соң екі бетінен кезек сүйді. Сөйтті де:

— Сен де менің баламсың! — деді.

«Мен де советтің ұлымын, баласы екенім рас, кімге болса да, жасайтын құрметі осы ма? Жоқ, маған арнаулы құрмет пе? Аты көп аталған Максим Федорович осы-ақ, шығар» — деп ойлады Жексен.

— Елена Максимовна менің қызым еді. Мен өлді деп білген едім. Жағдайын айтыңызшы, балам, жоқ, әлде



отан ұқсас, не оның атын жамылып жүрген біреу ме? Айтшы, балам, қуантшы атаңды!

Жексеннің беті ду етіп жанып кете жаздады. Еленаның хатқа жазғандары, оның суреттегі сымбатты өңі, бәрі де көз алдына тізбектеле қалды. «Білмейтінің қайда?» дегендей Катянің бетінде бір сұлу толқын пайда бола қапты. Бір қолын Максим Федоровичтің ыйығына салып, Петя да күлім қақты.

IV.

Бір қолында көрсеткіші мен мишені бар Петя келіп кірді.

— Жексен аға! — деді ол асыға сөйлеп. — Мынаны қараңызшы! Жыйырма метр жерден станокке орнатқан мылтық арқылы көздегенім, мінеки. Үш рет көздеуім де бір нүктеден түйісті.

Жексен ақ қағаз бетіндегі қара нүктелерді көрді де:

— Мынауың жақсы екен! — деді. — Мергендер де осыдан артық көздей алмайды. Сен менің солдатым болсаң, өте жақсы көздеді деген баға қояр едім. Өзің мылтық атып көрдің бе?

Бала да жеделдей сөйледі.

— Аттым. Бір рет өзім әдейі немістің суретін көздеп тигіздім.

— Немістің өзін атып көрген жоқ екенсің ғой.

— Атысқа ешуақытта да жібермейді.

— Сені ертіп жүрсе, сездіріп қоятып шығарсың.

— Жоқ, барлаушы Михаил Львович деревнядан мені осында ертіп келгенде де, көгершіндерімді ұшырып жүріп, немістердің қолына түскеннен кейін де: «жақсы барлаушы бола алады екенсің» деді. Ол Михаил Львович ұрыс басталғаннан бері барлаушы көрінеді. Түнде жүрген партизандар да: «жолда тапқыш, жүруге шебер» деп мақтасады.

— Немістердің қолына қалай түстің?

Петя ауыр бір күрсінді де, оң жақ қабағының үстіндегі тыртықты сұқ қолымен басып қойды.

— Онда менің әкем де, апам да бар болатын. Немістер бір деревняның адамын екінші деревняға қатыстырмай қойды. Көрші деревняда қанша немістің бар екенін, олардың не істеуге дайындалып жатқанын білуге керек болты. Сонан соң Михаил Львович, немістер бар деревняның жанында тұрып көгершінді ұшыр деп ақыл үйретті. Өзіміздің деревнядан тапа-тал түсте жасырынып шығып, айтқан жерлеріне барып бір көгершінімді ұшырып кеш жібердім. Көгершінім салған бетімен ұшып, өзіміздің деревня деп білді ме, қайтті, әлгі деревняға ұшып барды. Артынан мен де салдым. Көгершінім бір үйдің шатырында отырып алды. Бөшелерді қақ жарып, әлгі үйдің жанына келіп етегімді жалбырлатып, қолымды былғап едім, ұшпады, әлгі үйде неміс офицері тұрады екен. Бір солдатын жіберсе керек. Батпандай суық қолдың желкемнен шап ете түсіп, жерге соғылғанымды бір-ақ білгенім. Солдат офицерге алып келді. Офицер құлағы қалқыған үлкен неміс екен.

— Өзі бір жақсы бала көрінеді, тиме! — деді де, жанынан бір конфет алып берді. Алмап едім, болмады



еріксіз алғызды. Жегім келмеді, қалтама салып алдым.

— Неге жеп алмайсың? — деп сұрады.

— Апама апарып беремін, — дедім, ол қарқылдап тұрып күлді.

— Аш анасын асырамақ, — күлкісі ызалы күлкі еді. — Неге келдің? — деді. Көгершінімнің осында ұшып келгенін айттым. Ол көгершінге солдатын жіберді, немісше бірдемелер айтты. Ұстап келуін, болмаса атып тастауын айтты ма деймін. Аздан соң солдаттың өзі келді. Офицердің сұрамағаны болмады. Менің көгершіннен басқа аузыма сөз түскен жоқ. Құлағымды қатты жұлды. Көзімнен жас шықты. Екі жағымнан да шапалақтады. «Партизандарды білмеймін де, көргенім жоқ», дедім. Сонан кейін:

— Жібермейміз, осында боласын. Шынықты айтқан кезде босатамыз, — деді. Екі сағаттай тік тұрғызып қойды да, тағы да шақырды.

— Айт, иттің күшігі, — деді.

Мен үн қатпадым. Жіңішке көк шыбықпен басқа тартып жібергенде, шекемнен қан бұрқ ете түсті. Қан аузыма да, көзіме де құйылды. Бірақ, есімнен шатасқан жоқпын. Көзімді ашсам алдымда бір әйел тұр. Төргі бөлмеден келген болар, өңін де жөнді көре алмадым, қолымнан жетектеп шығарып жіберді. Олардың айтысқан сөздерін де түсінбедім. Даурыққан офицердің даусынан ояңған әйелі бола ма деп ойладым. Солдат мені басқа жаққа бұрылтқан жоқ. Деревнядан ұзақ шыққанымша бұрыштан басбағып бақылап тұрды. Көгершіннің өзі үйге ұшып келіпті. Мерзімді уақыттан қалғанымды естіп, бәрі де тыйышсызданыпты. Бетіме қатқан қанымды апам жылы сумен жуды да, ақ марлямен таңып тастады. Сөйтті де төсекке жылы орап салды.

— Қанішерлерге сенің қаның тәтті көрінген болар, — деді ол. Мен келгенде, жыйналған адамдарға апам осыдан басқа ештеме демеді.

Жексенді баланың әңгімесі өзіне тарта түсті. Әңгімелескен сайын Петяні жанындай жақсы көрді. От бөлмеде лаулаған жанарлы көзі, талабы, жанға жағымды балалық мінезі, сергек сезімі — бәрі де ұнасымды, қызықтырып өзіне тартады.

(Жалғасы бар).

Н. М. Пржевальский — ұлы жаһанкез

(Қайтыс болуына 60 жыл)

Профессор Э. МАРҒУЛАН

Ленинград қаласының Адмиралтейство алаңындағы үлкен бақшаны аралап келе жатқанда, самырсын арашың түбінде шөгіп жатқан екі түйенің суретін көресің.

Бұл жүк артқан түйенің суреті—ұлы орыс халқының атақты жаһанкезі Николай Михайлович Пржевальский-ің басынан кешірген сапарларының куәсі.

Николай Михайлович Пржевальский 1839 жылы қазіргі Смоленск облысындағы Кимборг қыстағында туы. Кішкене Коля өте пысық, өткір болып, жасынан-ақ әр нәрсеге зейін салып өседі. Ол жас шағын шаруа балаларының ортасында өткізеді. Ол қыйындыққа төзімді, қара жұмысқа табанды болып өседі. Оның Смоленскінің гимназиясында оқып жүрген кезінде де ең сүйіп оқыйтыны теория, жаратылыс тану, тарих пәндері болды.

Н. М. Пржевальский 1867 жылы дүние жүзілік география туралы оқу кітабын жазады. Бұл кітап жас ғалымның дарынды, білгіш кісі екенін халық алдында айгілі етеді.

Жас географ көп жылдар бойы дала кезу жорығын қыял етеді. Ол бұл арманына жетіп, жаһанкездік сапарына аттанады.

Саяхатты қалай бастағанын өзінің күнделік дәптерінде: «Әрбір адамның көп қыйындықтардан кейін тілеген мақсатына жеткенін көрсететін, оның ойынан мәңгі шықпайтын бір ардақты күні болады. Сондай ұмытылмайтын күн менің үшін 1867 жылдың 26 мамы еді. Бұл күні мен Уссири өлкесіне аттанып, барлық жол жабығыммен Иркутскі қаласынан Байқал теңізіне баратын жолға түстім, одан әрі Амур өзеніне қарай беттедім», — деп жазады. Ол бұл жолында Байқал теңізі, Амгун, Селенгі (Амур), Уссири, Суш өзендері және Сихото-алин тауларымен танысады. Ол туралы кейінірек «Уссири өлкесіне саяхат» деген кітап жазады.

Пржевальскийдің ендігі ойы Оңтүстік Алтай мен Қоянлұп тауларының арасындағы байтақ жазық Гансу өлкелері, Көк-нор теңізі, Ала-шан даласы, Тянь-Шань тауларын зерттеу болды. Сөйтіп ол 1870 жылы, ноябрь айында Какта қаласынан шығып, Ұланбаторға баруға беттейді.

Ұрға (Ұланбатор) қаласында бірнеше күн болып, жаһанкез Орталық Азияның соны жатқан жерлеріне жол тартады.

1871 жылдың апрелінде Пржевальский Бауотау қаласына жетеді. Қаланың адамдары өте тағы, ғылыми экспедицияға жәрдемдесу былай тұрсын, қайта оларды талап алуға сұқтанады. Бірақ Пржевальский әрбір халықтың салтын, мінезін жүйрік білетін майталман атақты жаһан-

кез кісі еді, шиеленіскен жағдайларды тез шешіп отырады.

1872 жылы, 25 октябрьде, атақты географ шатырын Көк-нор теңізінің жағасына әкеліп тігеді. «Көк-нор, — дейді жаһанкез, — дөңгелене біткен таулардың қара барқыт етегіне бөленген бейне бір үлкен айнаға ұқсайды...»

Пржевальский Орталық Азияда үш жылға созылған бірінші саяхатын жемісті етіп аяқтайды. Бұл ғылыми жорық Пржевальскийдің даңқын дүние жүзіне таратады. Расында Пржевальскийдің бұл жолғы істеп қайтқан ғылыми жұмыстары ертегімен парапар еді. Үш жыл бойы ұдайымен жүріп, онбір мың километр мөлшеріндегі тау-тасты, жапан жүзді кезіп, бұрын қартаға түспеген Орталық Азиядағы неше түрлі белгісіз жерлерді ашты. Губи, Ала-шан сыяқты шөлдердің географиялық ерекшелігін, Тибет жотасының солтүстік тауларын, Көк-нор теңізінің географиялық құрылысын бірінші рет география картасына кіргізіп, олардың координатын, биіктігін айырып, білімнің қазынасына айналдырады.

Бұдан кейін де Пржевальский Орталық Азияны зерттеуге бірнеше рет экспедиция құрып шығады.

Оның география ғылымына келтірген зор жаңалығының бірі-осы күнгі асыранды жылқының тағы жүрген тегін ашқаны. Атақты жаһанкез 1879 жылы осы күнгі Жайсап қаласынан шығып, Тибет тауларын зерттеуге бара жатқанда, сол тағы жылқыны Жоңғар даласынан кездестірген. Оның үсті-бауыры ақшыл келіп, өзге жері ақтангер болғапдықтан тұрғын қазақтар бұл жылқыны «Кертай» деп атайтын. Бұл Жоңғар даласынан табылған тағы жылқы атақты жаһанкездің атымен «Пржевальский жылқысы» деп аталады.

1888 жылы Пржевальский Орталық Азияға бесінші рет ғылыми-зерттеу жұмысына аттанып келе жатқанда, кенеттен ауырып, бірінші ноябрь күні бүгінгі Ыстық көлдің күншығыс жағасында, бұрынғы Қара көлде қайтыс болды. Жаһанкез ауырып жатып экспедициясын өсінен шығармайды. Қасындағы жолдастары атақты географтың тілегі бойынша, оның сүйегін Ыстық көлдің күншығыс жағындағы көркем биік жағасына жерлеп, кейін оған Алатаудың сұлу гранитінен сәулетті ескерткіш орнатады.

1939 жылы совет жұртшылығы орыс халқының атақты жаһанкезі Пржевальскийдің жүз жылдық мерекесін өткізіп, оның атын мәңгілікке қалдыру үшін бұрынғы Қаракөл қаласын Пржевальский қаласы деп атады. Ұлы табиғат зерттеуші, орыс географтарының атасы Пржевальский — біздің бүгінгі бақытты Отанымыздың ең қадірлі ғалымының бірі.



ҰЛЫ АНАНЫҢ ҰЛДАРЫ

Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ

Бір кезде ол жыйды есін,
Шықпаған екен шыбын жан.
Орнында оң жақ көзінің
Уялап ұйып толған қан.

Сырқырап күллі сүйегі
Қозғалса, қазір сынардай,
Жарасыз сау жер қалмаған,
Ердің ері шыдардай.

Тым-тырыс. Мәңгі біткендей
Соғыстың соңғы тынысы.
Күл түсті күңгірт Рейхстагтың —
Жатқан жері — бір бұрышы.

Төбеде, соның үстінде
Желбіреп жеңіс туы тұр,
Шапақтап атқан таңмен тең,
Шашқандай ғажап сөнбес нұр.

Өмірге қайта келгендей
Түрегелді әзер батырым.
Оралып өткен оқыйға
Ойына түсті ақырын:

Атака еді ақырғы,
Ақырғы қамал алатын.
Алда еді сержант Абдолла,
Аңсаған жеңіс сағатын.

Жарылды кенет снаряд,
Жарқ етіп түскен жасылдай,
Жарықшақ атып жан-жаққа
Сілкінген таудың тасындай.

Басы айналып, талықсып,
Соққандай қатты әлде кім,
Жығылды сержант Абдолла:
Қараңғы тартты жарық күн...

Қарайды жеңіс туына
Қуанып сержант Абдолла.
Қаны түгіл жанын да ол
Аяған емес бұл жолда.

Бұзақы Берлин жеңілді,
Жеңілді қас жау қарысқан,
Осы еді ердің арманы
Аңсап келген алыстан...

Денесі зілдей, үстіне
Секілді аспан құлаған.
Есітті кенет Абдолла
Баланың даусын жылаған.

«Бұл не ғажап дауыс?» деп,
Айнала сержант қарады:
Жатыр өліп бір әйел,
Жанында бала жаралы.


Жыққан екен оны да
Жарықшақ шашқан снаряд.
Қалдырды кімге баласын,
Кімдерге етті аманат?

«Қанымды жушы» дегендей,
Қансырап, әлсіз, аш бала
«Мама» лап отыр. Уа, дүние,
Өліктен іздеп баспана!

Жасы үш-төрттен аспаған
Жаралы сәби жалынып,
«Жатпа, мама, тұр» — дейді,
Жас жүрегі қабынып.

Бірден бірге үні өшіп,
Қуаты құрып бейшара,
«Мам.. мам...» деп әзер отырды.
Амалы қайсы, не шара!

«Кеше гөр, кеш, ақ сүгінді»
Дегендей, кейде сүзіле
Қарайды бала арманды
Ананың жансыз көзіне.



Жан-жүйе, қатал жүрегі
Елжіреп кенет Абдолла, —
Шақырып қалған қайратын,
Баланы алды қолына. —

Сержантқа сәби шағынып,
Айтқандай қасрет арызын,
Өксіп-өксіп жылады ол,
Дегендей «Жоқ ед жазығым».

«Қарағым, кімсің, атың кім?»
Деп еді сержант балаға:
«Юрик... орыс» деді ол,
Булыға сөйлеп сәл ғана.

Білмесе бала, білмесін
Әзірге туған қонысын,
Жетеді осы білгені
Ұлы екенін орыстың.

Осының өзі сәбиге
Сарқылмас қорек-азықтай,
Адасса түнде жол нұсқар
Жұлдыздай, Темір қазықтай.

Жүрсе де жаудың торында
Білгізген ұлтын балаға,
Сүйсініп сержант қарады
Жанары сөнген анаға.

Арманды ана өлігін
Шинельмен қымтап жапты ер.
Жаралы өзі, жүр зорға,
Қолынан өзге не келер?

Қарайды сәби жауғандап
Анасын бірге алардай,
Ең кемі соңғы шырайын
Есінде сақтап қалардай.

«Ұйықта, ана! Ұлыңды
Уайым қылма, жарқыным.
Өзіндей сүйіп өсірем
Ұланын орыс халқының».

Деп Абдолла ер жол тартты
Кеудеге қысып баланы,
Жайнаған, жас көз қосылып,
Жазғандай ауыр жараны.

Кеудесіне кіргендей
Жүрегі ұлы халықтың,
Қансырап қалған сержантқа
Қайраты бітті алыптың...

* * *


Келеді поезд Берлиннен
Жұлдыздай ағып, зулатып.
Келеді сержант Абдолла
Асығып, аңсап, түн қатып.

Поезда тағы келеді
Жас адам, ең жас азамат.
Бір кезде сонау Берлинде
Анадан қалған аманат.

Кейінде қалды шекара.
Басталды, міне туған ел:
Қайнаған өмір кең дала,
Егін, ну, орман, айдын көл...

«Юрик, жаным, ұлым» деп
Баласын сержант құшады.
Күтеді Отан анасы,
Ананың ұлы құшағы.

Енеді бала, Абдолла
Құдретті канат астына.
Алдында бақыт, кең өмір,
Қамқоршы адам, Москва.



КОМСОМОЛДЫҢ ХІ СЪЕЗІ ШАҚЫРЫЛАДЫ

Бүкілодақтық Лениндік Коммунист Жастар Одағы кеше ғана өзінің отыз жасқа толған күнін тойлады. Пионердің туған ағасы, жетекшісі — комсомолдың даңқты мерекесі барлық жерде де тамаша өтті.

Той күні еліміздің барлық комсомолецтері мен жастары өздерінің данышпан көсемі, ұстазы және ең жақын досы Иосиф Виссарионович Сталин жолдасқа хат жазды. Бұл хатта үш орденді комсомол өзінің 30 жылдық тойына қандай табыстармен келгендігін баяндады.

Комсомол өзінің барлық табыстарына большевиктік партияның басшылығы арқасында, Сталин жолдастың әкелік қамқорлығының арқасында жетті.

БЛКЖО отыз жылдығына әзірлік үстінде бір миллионнан астам жас өндірісшілер өздерінің жылдық нормаларын, ал 300 мыңнан астам жас жұмысшылар төрт жылдық және бесжылдық тапсырманы орындап шықты.

Ауыл жастары да быйыл зор табыстарға ие болды.

Көсемге жазылған хатта мектеп оқушылары мен пионерлер жайында да айтылды. Олар еліміздің өміріне белсенді түрде атсалысып, араласып отырады, делінді хатта. Совет оқушылары оқуды жақсы, өте жақсы үлгерулерімен, қоғамдық жұмыстағы тамаша табыстарымен Отанымызды қуаңшықа бөлеуде.

«Қымбатты Сталин жолдас, — деп жазылды хатта, — Сіз бізді қол жеткен табысқа тоқпейілісімеуге, әрқашан ілгері басуға, тек ілгері басуға ұмтылуға, қиындықтардан тайсалмай, оларды жеңіп отыруға, өзіміздің Отанымызға жанқиярлықпен қызмет етуге үйретесіз».

Совет жастары өзінің мереке күні көсеміне және

ұстазына шексіз берілгендігіне, Сталинше өмір сүріп, жұмыс істеуге ант етті.

Мереке қарсаңында Москвада БЛКЖО Орталық Комитетінің XVII пленумы болып өткен. Пленум комсомолдың кезекті ХІ съезі шақырылсын деп ұйғарды. Съезд 1949 жылғы 24 февральда Москвада ашылады. Съезге Совет Одағының барлық жерінен делегаттар келеді. Ол делегаттар комсомолдың облыстық, өлкелік конференцияларында және республикалық съездерінде сайланады.

Съездің шақырылуы — комсомол өміріндегі үлкен уақытқа. БЛКЖО Орталық Комитеті барлық комсомол ұйымдарын, барлық комсомолецтерді съезге кең түрде әзірленуге, сүйікті Отанымызды еңбек пен оқудағы жаңа табыстармен қуантуға шақырды.

БЛКЖО Орталық Комитетінің XVII пленумы қорытындылары туралы мәселе қараған БЛКЖО Орталық Комитетінің II пленумы да өзінің қарарларында барлық комсомол ұйымдарына ХІ съезге әзірлікті күшейтуді тапсырды.

Еліміздің барлық жас жігіттері мен қыздары съезге әзірлік үстінде жаңа табыстарға жетуге құлшына кірісті.

Жас жеткіншектер, пионерлер күні кеше комсомолдың тойына қандай тартулар әкелсе, алдағы шақырылатын съезіне де осындай татымды тартулармен келулері керек. Оқу жылының алғашқы жартысын ойдағыдай бітіру — комсомол съезіне ең бірінші тартуымыз болып табылмақ.

Съезд хұрметіне отряд, дружина пионерлері шаңғы жорықтарын, түрлі қызық ойындар ұйымдастыруларына болады.

Комсомолдың ХІ съезіне қызу әзірленіп, оны лайықты тартулармен қарсы алайық.

Суретін көргенде

Жас Қарлығаш күлім қағып,
Бойын билеп шаттық сезім,
Суретіне батыр қыздың
Елжіреді — салды көзін.

Ерлігінің куәсі боп,
Омырауда Алтын жұлдыз.
Қарлығашпен тілдескендей
Тұр күлімдеп Әлия қыз.

Алтын жұлдыз төсіндегі
Көрінді оған күндей болып.

Әлияның батыр даңқы
Өшпес мәңгі үндей болып.

— Сендей ер боп, өсемін мен, —
Деп Қарлығаш серт берді де,
Суретін апасының
Сүйді, басып жүрегіне.

Нығметжан АБДУЛЛИН,
Алматы, ҚазПИ.



АСТАНА ПИОНЕРЛЕРІНІҢ

II

ЕР БОЛЫП ӨСУГЕ БОРЫШТЫМЫЗ.

3 — балалар үйінің тәрбиеленушісі Юрик Гайдың сөзі.

Біздер — балалар үйінің тәрбиеленушілеріміз. Бізге, совет балаларына, ұлы Сталиннің өзі ұдайы әкелік қамқорлық жасап отырады.

Біз еш нәрсеге мұқтаж емеспіз. Жақсы оқып, жемісті қызмет істеу үшін бізге барлық жағдай жасалған.

Ленин комсомолы да — біздің үлкен қамқоршыларымыздың бірі. 30 жылдық даңқты мереке қарсаңында астана комсомолецтері бізге жақсы тарту тартты, олар өздерінің күшімен балалар үйінде су проводын жүргізді.

Комсомол-ағаларымыздың мерекесіне біздің дружина пионерлері де жақсы әзірлік жасады. Быйылғы жазда біз 300 жеміс және сәнді ағаштар егіп өсірдік.

Біздер бір адамның баласындай тату-тәтті тұрамыз, тәртіпті, коллектившіл болып өсіп келеміз. Дружинамыздағы 110 пионердің ішінде сабақ үлгере алмайтын бірде-бір адам жоқ.

Бос уақытымыздың бәрін көңілді дем алумен серуенде, кино мен театрларда өткізудеміз.

Біздің балалар үйінің көркемөнер үйірмесі аудандық, қалалық және облыстық олимпиадаларда бірінші орынға ие болды.

Комсомол — біздің ақылшы ағамыз, іскер жетекшіміз.

Біз, пионерлер, қандай жұмыс істесек те, қайда болсақ та, оның басшылығымен істейміз.

Ер болып өсем деген пионер батыр ағасы-комсомолецке еліктесін, комсомолецтерше еңбек етсін!

24 октябрь. Таңертеңгі сағат 10.

Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрының алды бүгін халыққа лықа толы. Олардың көпшілігі — балалар. Барабан даусы көшелерді жаңғырықтырып тұр. Сапқа тұрып, аяқтарын нық-нық басып, пионерлер Калинин көшесімен де, Панфилов, Фурманов көшелерімен де ағылып келіп жатыр. Театр үйі ерекше әшекейленген.

Сыртта есік алдында тұрған бір кішкентай бала кассаға барып: «Тәте, билет сатыла ма?» — деп сұрады. Бала билет сатылмайтындығын естіп, томсарып қалды.

Я, бүгін театрға билетпен емес, тек мандатпен кіруге болатын еді. Өйткені бұл саппен, келіп жатқандар — астанамыздың таңдаулы пионерлері, Ленин-Сталин комсомолының 30 жылдық мерекесіне арналған 2-қалалық пионерлер слетіне келген делегаттар еді.

Сағат 11. Қоңырау берілді. Слет делегаттары залға кіріп, орындарына отырды.

Сахнаның маңдайында:

«Қалалық екінші пионерлер слетінің делегаттарына жалынды сәлем!» деп әдемі әріптермен жазылған ұран көз тартады. Сахнаның төрінде ССР Одағы гербі ортасында совет балаларының ұлы көсемдері, әрі сүйікті достары — Ленин мен Сталиннің суреттері. Оның екі жағында 16 одақтас республиканың 16 алқызыл тулары желбірейді.

Алматы қалалық комсомол комитетінің мектеп жұмысы жөніндегі секретары Субач жолдас сахнаға шықты. Ол салтанатты слетті ашық деп жариялады. Оркестр ССРО және Қазақ ССР гимндерін ойнады. Зал тына қалды. Делегаттар тік тұр. Сахнаның бір жағынан қалалық комсомол комитетінің секретары Лузин жолдас, екінші жақтан Алматы пионерлерінің құрама дружинасы председателі Рая Ткачева сахна ортасына келді. Рая Ткачева Лузин жолдасқа рапорт берді:

— БЛКЖОның 30 жылдығына арналған жас пионерлер слетіне 1000 делегат сайланған еді, солардың барлығы да слетке келді.

Ленин — Сталин комсомолының мерекесін біздер отлучно оқумен, сапалы тәртіппен, Отанымызға өз қолымыздан келген еңбектегі көмегімізбен қарсы алдық.

МИЧУРИННЫҢ ЛАЙЫҚТЫ ШӘҚІРТТЕРІ БОЛАМЫЗ

Жас бақшашылардың Бүкілодақтық II-слетінің делегаты, пионер Тельман Аспандияровтың сөзі.

Біздің ұлы Отанның картасына көз салсаң, Москва мен Тамбовтың ортасында, атары әлемге әйгілі табиғатты өзгертуші И. В. Мичуриннің атымен аталатын қаланы көресің. Бұрынғы уездік Козлов қаласы қазір бақша өсірудің ғылыми орталығына айналған.

Быйыл сол қалада жас бақшашылардың бүкілодақтық II-слеті болды. Слетке бір мыңнан астам делегат келді. Олар өздерінің сүйікті ұстазы Мичуриннің өсиеттерін орындаудағы — ағаштар мен гүлдер егіп, Отанымызды гүл бақшаға айналдыру жолындағы жас бақшашылардың істерін қорытты.



Суретте: Слет делегаты

Мен Мичурин қаласында болған күндерімді, онда көріп білгендерім өмір бойы ұмытпаймын. Данышпағалымның бейітіне шоқ гүл қойған 4 пионердің бірі мен болдым.



Дружина слет өткізуге әзір. Мұнан кейін Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің мектеп жөніндегі секретары К. Доспанова баяндама жасады. Ол Ленин-Сталин комсомолының ерлік тарихын баяндап, пионерлердің алдында тұрған басты міндет — комсомол ағаларына еліктеп, оларға тартып өсу болып табылатындығын айтты.

Слетте 33-мектептің оқушысы Тельман Аспандияров, 3-балалар үйінің тәрбиеленушісі Юрий Гай, 12-мектептің оқушысы Бану Мусина, 10-мектептің оқушысы Елена Макиевская сөйледі.


Олар өздерінің жақсы, өте жақсы оқуын, пионер ұйымдарындағы игілікті жұмыстарын, комсомолдың даңқты 30 жылдығына татымды тартулар әзірлегендіктерін жас достарына зор мақтаншыпен баян етті.

Слетте ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретары Жұмабай Шаяхметов, Қазақ ССР Ғылым Академиясы президенті академик Қаныш Сәтбаев жолдастар сөйледі.

Москвадан, Ленинградтан, Сталинградтан, Вильнодан салтанатты слетті құттықтаған телеграммалар келді.

Слет Сталин жолдасқа, БЛКЖО Орталық Комитетіне құттықтау телеграммалар және Қазақстанның барлық пионерлеріне үндеу қабылдады. Олар отлично оқуымызбен, саналы тәртібімізбен, адал еңбегімізбен халқымызды, Ұлы Сталинді қуантамыз, деп сөз берді.

Слеттен кейін астана мектеп оқушыларының күшімен делегаттарға үлкен концерт берілді. Делегаттар концертті жүргізген 10 жасар Галя Дворкинаға өте риза болды.



ПИОНЕР ЖҰМЫСЫН ЖАҚСАРТА БЕРЕМІЗ

12-мектептің оқушысы, отряд советінің председатели Бану Мусинаның сөзі.

Біз, Мәншүк Маметова атындағы 8-дружина пионерлері, Ленин комсомолының даңқты мерекесін лайықты табыстармен қарсы алып отырмыз.

Мен басқаратын 9-отрядтың пионерлері сабақты жақсы және өте жақсы оқып жүр. Біздің отряд—қызыл тулы отряд, бұл туды біз берік ұстаймыз. Отряд пионерлері пайдалы еңбекпен шұғылдандуды жақсы көреді. Мереке хұрметіне біз өзімізге бөлінген мектеп жанындағы учаскемізді жақсы, сәнді түрге келтірдік. Отрядтың күшімен 15 түп жай ағаш, 5 түп гүл, екі түп қарақат отырғыздық, комсомол тарихын суреттейтін альбом, құрама-фото жасап, арнаулы қабырға газетін шығардық.

Отряд пионерлерінің барлығы да — пионерлер сарайы мен мектептегі көркемөнер үйірмесінің мүшелері.

Жақсы және өте жақсы оқып, сөйтіп батыр комсомолдың көмекшісі жас пионер деген атақты жоғары ұстайық!



(солдан оңға қарай) Юрий Гай, Бану Мусина, Тельман Аспандияров.

Делегаттар И. В. Мичуриннің музей-үйінде, Мичурин бақтарында, орталық ғылыми-зерттеу лабораториясында болды. Жастарды Мичурин табиғатты өзгерту жолында игі

еңбек етуге үйретті. Мен слет делегаттарын, барлық пионерлерді республикамызды гүл бақшаға айналдыру ісіне белсене ат салысуға шақырамын.



Бір мектептің пионерлері

Үйірме бөлмесі

Сәулетті мектептің кең коридоры. Оның екі жақ қабырғасы толы сабақ кестелері, ішкі тәртіп ережесі, түрлі үйірмелердің жұмыс жоспарлары, фото, қабырға газеттер, қызыл матаға алтын әріптермен жазылған ұрандар. Төңірегінде жалтақ-жалтақ қарамасқа еркің жоқ. Сабақ үзілісіне шыққан балалар «саламатсыз ба?» деп бастарын изеп амандасып өтеді.

Біз ең түштәгі бөлмеге келіп кірдік. Бөлме ортасындағы төрт бұрышты үлкен стол кіршіксіз ақ матамен көмірте жабылған. Бөлмедегі әйнекті шкафтардағы шөлмек ыдыстардың іші толған жәндік, балық, жылан, шаян, құрт-құмырсқалар. Бірнеше түрлі аң, құс, жәндіктер шкаф жанындағы сатылы тақтайға қатар-қатар қойылған. Жете көз жіберіп, қолмен қарамаған адам бұлардың барлығы тірі деп қалар еді.

Столды айналдыра тұрған пионерлердің әрқайсысының қолында кішкене пышақ, қайшы, қысқаш, ипезіп тағы сол сыяқты аспаптар бар. Барлығы да ақ шүберектен алжапқыш, жеңдеріне білек қап байлап алған. Тосыннан көрген адам бұларды үлкен емханада ауруға операция жасап жатқан хирург дәрігерлерге ұқсатады. Бөлме ішіндегі түрлі аң, құс, бақа, жылан, шаян, балық, құрт-құмырсқа, өсімдіктерге көз жіберсең бейне бір ғылыми-зерттеу мекемесінің лабораториясын көз алдына елестетесің. Түрлі жан-жануар, жәндіктердің тұлқыштары, қаңқалар, жерден қазып алынған атамзаманғы заттар және өсімдіктер коллекциялары толы бөлме тарихи музейді бейнелейді.

— Бұл «операция» столы, — деді Надежда Федосеевна, стол бетіндегі ақ матаны ашып жіберіп, — Ана тұрған тұлқыштар мен қаңқалар осы столда даярланған.

Мына сойылып жатқан түлкіні балалар бұдан бірнеше күн бұрын қақпан құрып ұстаған болатын. Жас табиғатшылар үйірмесіндегі балалардың алдарына қойған мақсаты, біріншіден, өздерінің класта алған білімдерін тәжірибемен нығайту, екіншіден, биология кабинетін көрнекті құралдармен байыта беру. Аудан көлемінде биология кабинеті бай мектеп — біздің мектебіміз.

Биология бөлмесінде үйірме мүшелерінің өздері тірідей ұстап әкеліп, сойып терісінен тұлып, сүйегінен қаңқа жасаған 28 аң, түрлі құс, ондаған шөлмек ыдыстарға спирттеп қатырған балық, жылан, шаян, құрт-құмырсқалар, түрлі өсімдіктерден жыйналған алуан коллекциялар үлкен бөлмені лық толтырған. Бұл коллекцияның ішінде 25 түрлі құс жұмыртқасы да бар. Бұлардың көбін жыйнаған мектептегі жас табиғат зерттеушілер советінің председателі, VII-класс оқушысы Геннадий Зыков пен оның «ғылыми секретары» Вера Мостовая екен. Жас табиғат зерттеушілер үйірмесіне басшылық ететін биология пәнінің мұғалимасы Надежда Федосеевна Цомкало өз кабинетінің байлығын көрсеткеннен кейін, мектеп жанындағы тәжірибе учаскесін, жас бөбектер өсірген бау-бақшаны аралауға бастады.

Мектеп бақшасы

«Возрождение» колхозы қыстағының қақ төрі. Қызыл шатырлы ақ үйлердің сәнін келтіріп тұрған мыюалы жеміс, терек, құбатал, ақ қайыңдар сап түзегендей қатар-қатар болып тізіле қалған. Көше бойларында оқтай тұзу етіп отырғызылған байтеректер жеміс ағаштарын қорғағандай ұзын бойын көкке өрлетіп, тақаббарлана өсіп тұр.

— Осы Ұлы Отан соғысы басталған жылы отырғызылған 25 түп ағаштан өскен бақшамыз. Өткен жеті-

сағіз жыл ішінде мектеп балаларының еңбегімен колхозға бірнеше түп түрлі жеміс және жабайы ағаштар өсіріп бердік. Бұл ауданда бұрын егілмеген бірнеше өсімдіктерді мичуриндік ғылымды негізге ала отырып өсіретін тәжірибе учаскеміз бар. Бұл мыналар, — деп мектеп директоры Александр Алексеевич атыз-атызға отырғызылған көп жылдық гүл, кендір, гречиха, горчица, үпілмәлік, тас-қауақ өсімдіктерін нұсқады.

— Мектептегі жас табиғат зерттеушілер үйірмесінің жетекшісі—біздің кішкене мичуриншіміз осы кісі болады, — деп таныстырды Надежда Федосеевна, өзінің шәкірті Геннадий Зыковты. Талдырмаш денелі аққұбаша Геннадий өзінің қарамағындағы алма ағашына Мичурин әдісімен егу арқылы басқа ірі, тәтті сортты алма алудың тәжірибесін жасап жүргенін айтты.

— Егерде, биология ғылымына, Мичурин әдісіне шын түсініп, оны тәжірибеме, өз жұмысыма дұрыс қолданған болсам, келесі жылғы осы ағаштан өскен алма әрі ірі, әрі шырынды, жаңа сортты болуға тиіс. Көздеген мақсатыма жететініме сенемін, — деді Геннадий.

Мектеп бақшасы мен тәжірибе учаскесіндегі жас мичуриншілердің барлығының да айтатыны осы. Өйткені бұлар сабақты өте жақсы үлгерумен қатар, істеген жұмысына мұқият, үйірме мүшелері өсімдік өсіру маусымында жүргізген жұмысы, іс тәжірибесі, өгінді күту жөнінде күнделік жазып, өз тәжірибелерін жыйнақтап келеді. Геннадий осы жылғы күнделігінің бір бетінде:

«Бүгін июльдің 15, алманы тегіс суардым. Өз қарамағымдағы алма ағаштардың әрбір бұтағы, жапырағына дейін тексеріп шықтым. Әсіресе, «балалап» алмаға бір де кіршік, дақ түспеген немесе құрт, шыбын-шіркей аяқ баспаған. Келешегі мол, шырынды және көп алма беретін осы болуы мүмкін. Келесі жылы алманы асылдандыру үшін осы алманың шырынын басқаларына егуім керек» — деп жазыпты.

Селоларды мыюалы жеміспен гүл-бақшаға бөлеу мақсатын көздеген оқушылар мектепті колхоз орталығындағы тәжірибе бақшасына айналдырмақшы. Өз ісін сүйген мұғалима Надежда Федосеевна жас табиғат зерттеушілер үйірмесі мүшелері үшін Мичуриннің биология ғылымы жөнінде әңгімелер, практикалық сабақтар өткізіп тұрады. Жақында мектеп оқушылары тегіс қатысқан ағаш отырғызу апталығы өткізілді. Бұл апталықта пионерлер мен оқушылар мектепті де, колхозды да қамтамасыз етерлік еңке ағаштар питомнигін екті.

Көлді алаң

— Қазір көлді алаңды көреміз, — деді аға пионер вожатыйы Загуменко. Шынында көл, табиғи көл емес, қолдан жасаған көл. Көлдің қақ ортасында төрт бұрышына бөрене орнатып, үстіне тақтай төселген кішкене

тай алаң бар. Бұл — суға қарғыйтын орын, жүзе білмейтіндерге «ең терең жері осы, сақ бол!» деп қойған ескерту белгісі бар. Көлге Арыс өзенінен арық арқылы бұрып әкелінген су сарқырал құйылып жатыр. Көлдің суын таза ұстау үшін бір жағынан су құйылатын, екінші жағынан ағып кететін қақпа жасалған. Екі қақпа бірдей ашылып, бірдей жабылады. Өз әліне қарағанда, бұл да бір белгілі су бөгеті сыяқты тамаша.

Бұл көлді салғандағы мектеп комсомолецтері мен пионерлерінің көздеген мақсаты не? Біріншіден, бұл көл-спорт алаңы. Екіншіден, көл суымен мектептің бау-бақшасы, тәжірибелі егіс учаскесі суарылады. Мұнда торта, алабұға, сазан балықтары өсіріледі. Көл алаңында балара үйі, қаз, үйрек, кептер, көгершін ұялары, үй қояндарына үйшік салынбақшы. Жас биологтардың шаруашылығын, олардың тәжірибелерін байыта түсетін орын осы көл алаңы болмақ.

Бұлар — комсомол резерві

Өткен оқу жылы аяқталысымен мектеп пионерлері мен оқушылары жазғы демалысты өткізуге арнаулы жоспар жасады. Алғыр ойлы жас бөбектердің көздеген нысанасы—мектеп жанын гүлдендіре беру, өлке табу саяхатын жақсы өткізу, онда мектептің биология кабинетіне жәндік, өсімдіктерден бай коллекция жыйнау, колхоз жұмысына көмектесу, осыларды тыянақты орындай жүріп оқу жылына үлгілі әзірлену болды. Мектептің көптеген пионерлері Ленин—Сталин комсомолының 30 жылдық даңқты мерекесіне дейін комсомол қатарына кіруді, ол үшін мерекеге лайықты тартулар әзірлеуді ойлады.

Комсомол жыйналысы өтіп жатыр. Ұйым секретары Шкоропатова комсомолға алынатындардың анкет мәліметтерін баяндағаннан кейін, комсомолецтер жаңадан алынатындарға сұраулар қоя бастады.

— Комсомолецтің міндеті не?

— БЛКЖОның XI съезіне қандай табыстармен келмексін? Бұл сұрақтарға Валя Бондаренко, Геннадий Зыков, Надя Артиюкова, Ваня Довгаль сыяқты пионерлер іркілместен жауап берді.

— Біз қазірдің өзінде-ақ мектебімізді гүл-бақшаға бөлеп отырмыз. Бұл комсомолдың 30 жылдық тойына пашуымыз. Бүкілодақтық Лениншіл Коммунист Жастар Одағының XI съезі ашылу күнінде сабақты өте жақсы, жақсы үлгерумен, үйірмелер жұмысын жақсартумен қарсы аламыз, — деді Геннадий Зыков.

Б. СЛАНОВ.

Вознесенково селосы,
Түлкібас ауданы.

ҚазПИге 20 жыл



Қазақстанның тұңғыш жоғары дәрежелі мектебі — Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институты (ҚазПИ) 1928 жылы ашылды.

ҚазПИдің ашылғанына быыл 20 жыл. Осы мерзімнің ішінде ол республикамыздың мәдениет майданының кадрларын дайындайтын ірі оқу орнына айналды. Егер 1928 жылы ҚазПИде 75 студент, 9 оқытушы болса, бүгін онда 1370 студент оқыйды, 180 кісі оқытушылар коллективінде жұмыс істейді. Олардың ішінде 6 профессор, 50 ден астам доцент бар.

Өткен 20 жылдың ішінде ҚазПИ 3600 жоғары дәрежелі білімді маман-кадрлар дайындап шығарды. Олардың ішінен 150 кісі көрнекті ғылыми қызметкер болды. ҚазПИ бітіргендерден екі кісі ғылым докторы (Х. Жұмалиев, Е. Бекмаханов), 32 кісі ғылым кандидаты (А. Исақов, М. Балақаев, М. Ғабдуллин, О. Жаутіков, Ғ. Шолапов т. б.), 6 кісі республикамыздың жоғары дәрежелі оқу орындарында директор болып қызмет атқарады. ҚазПИ бітіргендердің ішінен ондаған кісі республикамыздың басшы партия және совет қызметтерінде жүр.

ҚазПИдегі көптеген ғылыми зерттеу үйірмелерінің бірі — әдебиет үйірмесі. Институттың 20 жылдық өмірінде осы үйірмеден республика жұртшылығына аты мәлім 50-60 ақын, жазушы, әдебиет сыншылары шықты. Олардың ішінде Т. Жароков, Ғ. Орманов, Х. Бекхожин, Ә. Тәжібаев, Ж. Саин, С. Сейтов сыяқты ақын, жазушыларды атап көрсетуге болады.

ҚазПИдің 20 жылдық мерекесі — бүкіл республика жұртшылығының мерекесі, қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің шарықтап өскендігінің айғағы.

Біз оқушыларымызды ҚазПИдің әдебиет үйірмесі мүшелерінің творчествосымен таныстыру үшін, олардың төмендегі өлеңдерін басып отырмыз.

МҰҚАШ

Қатал мінез ақсақал —
Аяз шытынап тұрған шақ.
Көз қаратпай ақша қар,
Жылтылдайды мұз моншақ.

...Сорылды қоңрау. Балалар
Сабағынан тарады.
Топ бала жол жағалап,
Әне кетіп барады.

Ауаны қақ айырып,
Сүйір берік кеудемен,
Бір машина соқтырып,
Келе жатыр жолменен.

Мұқаш деген бір бала
Машинаны көрді де:
— Балалар, — деді, — бер қара,
Көрсетем қызық сендерге.

— Не қылған қызық?
— Мен қазір
Машинаны үркітем.
— Мынауың не айтып тұр?
— Тентек болма, Мұқаш, сен!

АЛА КҮШІН

Кіп-кішкентай ала күшік
Шәу-шәу етіп үреді,
Шәуілдеген сыйқына оның
Көрген адам күледі.

Күнде атамның соңына еріп,
Мал соңында жүреді.
Жас болса да құлағы сақ,
Жат сыбысты біледі.

Шалғын шөптің ортасынан,
Жүрсе дағы көрінбей,
Айналады малдың шетін,
Жүгіруден ерінбей.

Балалар солай тұрғанда
Замғаған бойда машина
Жақындап қалды бұларға,
Жетіп те келді қасына.

Малақайын қолына ап,
Біздің Мұқаш тұр еді.
Машинаға құлаштап,
Лақтырды да жіберді.

«Жуас» екен машина
Үрікпестен ол кетті.
Малақай түсті бортына,
Оны да қоса әкетті.

Балалар сонда ду күлді,
Мұқаш қалды тунжырап,
— Үркер еді пальтоңды
Лақтырғанда ей, шырақ!

Қабағы қарыс жабылып,
Іші қатты күйіне,
Басына пальто жамылып,
Келеді Мұқаш үйіне.
Бердібек СОҚПАҚБАЕВ.

Егер малды көрейін деп,
Бара қалсаң жақындап,
Жуытпайды маңайына,
Тап-тап беріп, тақымдап.

Кешке жақын мал қайтқанда,
Үйге келіп ертерек,
Асыр салат, арсалаңдап,
Мені көріп еркелеп.

Жолдастарым біздің үйге
Күнде кешке келеді.
Менің ала күшігімді
Олар да жақсы көреді.

Тұрсынбек ЖАБАЕВ

ӨРШІЛ ЖАСПЫН

Лениннің ұлымын — өршіл жаспын.
Кернеген кең әлемді күшім тасқып.
Болған жоқ басқа елдің жасы

мендей,
Алысып, жеңіп алдым аспан астын.

Мен емеспін — өмірдің өгей ұлы.
Өмірдің мойындаған өзі мұны!
Коммунизм жолында күресшімін,
Қолымда күн шұғлалы Ленин туы.

Айқын НҰРҚАТОВ.

САҒЫНДЫ ДОСЫН ОРИНТАЙ

Орынтайдың ойынан
Мүлде шықпас жаз-қысы,
Узынырақ бойынан,
Бар еді бір шаңғысы.

Күнде алып қолына,
Шаңғысына қарайды,
Кейде ойға шомыла
Қалған күнді санайды.

Байлап алып аяққа,
Айналады қораны.
Қарай-қарай таяққа,
Асыққандай болады.
Уйықтаса да түсінен,
Тау мен шаңғы шықпады.
(Ол күбірлеп ішінен,
Қыс келуін күптады.)

Сағынса да шаңғыны,
Қыс мезгілсіз келе ме?!
Жөндеп, түзеп қам қылды,
Іліп қойды шегеге.

Мұқаш СӘРСЕКЕЕВ.

К. ӘБДІҚАДІРОВ.

Қыс ортасы ауып, февральдің ішінде, Қызылжар айрықша суытты. Масликовтың үйіне отын да, шөп те шақ келмеді. Айдың аяғына тамап ішкі Россияға кеткен көліктер қайтып келіп, қаладан жыйырма шақырым жердегі шөпке Хажымұқанның қасына төрт шана қосып, бес көлік жіберді.

Масликовтың үй ішіне Хажымұқанның ауыр мінезі, тіл алғыш тәртіптілігі қатты ұнаған еді. Ол, қандай жұмыс тапсырылса да, орындап келуіне әбден сенді. Сондықтан:

— Коля, (Масликовтың үй іші Хажымұқан дегенді қыпшы көріп, оны «Коля» деп атап кетті.) мүмкіндігін болғанша шөпті тез жеткізуге тырыс. Басқаларға қарамай, шөбіңді алдымен тиісін ал да, келе бер. Жолдан келген аттар тілін тістеп аш тұр, — деді қожасы.

— Жарайды, — деді Хажымұқан.

Түн ортасы ауа жүріп кеткен шөпшілер, қар басқан соқпақпен жүру ауыр болып, аттарын болдыртып, түсте шөпке әрең жетті. Хажымұқан жақсы деген екі атты тандап жексе де, ауыр жол аттарын болдыртып тастады. Аяз сорып, әлсіреп келген жігіттер төбе болып, қар басып қалған шөпті көріп үрейлері ұшты. Оның қарын аршу үшін бір күн керек сияқты. Жолдастары қарды қай жағынан аршып, шөпті қалай тиісін керегін кеңесіп, көп тұруға айналды. Оған дәті шыдамаған Хажымұқан шөптің шеті көрініп тұрған бір бұрышына келді де, арасына бастырықты ыргап-ыргап кіргізіп жіберіп, ыйығымен көтеріп тастады. Шөп-мөбімен үйілген қар түндіктей төңкеріліп түсті.

— Ой, мынау не істеді өзі!?, десті, есі шығып тұрған жолдастары оған. Хажымұқан жауап қайырмады, бастырықты тағы бір сұғып көтеріп тастағанда, үйілген шөптің жартысы ашылып қалды. Бір айыр шөпті аттарының алдына апарып салды да, шанасын доғарып, сүйретіп кеп шөпті тиісін берді.

— Ей, сен не істеп жатырсың? Көмбе қарға атты қалай әкеп жекпексін, батып кетеді ғой, — десті жолдастары.

— Менің оны өлшеп, ой тауысуға уақытым жоқ. Қожайын айтты, мен шөпті тез жеткізуім керек.

— Мына күртік қар атты көтере алмайды деп тұрмыз ғой.

— Атты көтермесе, мені көтереді.

— Соны қойшы, нан жеп, әл жыйнайық та, сонан кейін қалай тиісін алуды ойласармыз, — десті жігіттер.

Олар нандарын жеп болғанша, Хажымұқан шөпті таудай қып тиісін болып бастырығын тартып, жетегінен, итшанадай сүйретіп, аттарының қасына апарды да, ол да нанын жеді.

Хажымұқан атын жегіп, 7 шақырымдай шыққанда, қарсы соққан қарлы жел өрнеуін көтеріп, өңменінен

итергендей болып, аттың аяғын қыя басқызбады. Аттардың жүргенінен тұрғаны көбейді. Күн батып, түлей қараңғы түн басты. Хажымұқан шананың жетегінен сүйрелеп, атқа көмектесті. Айыр шаншып артынан да итеріп көрді, шекеден аққан тері өңіріне тамып, көкпенбек мұз болып қатып жатты. Қалаға жеті шақырым қалғанда, бір ат аяғын басуға мұршасы келмей, төртаяқтап тұрып алды. Ыза көрнеген жас шөпші, айырын шананың артына көмейлете шаншып, үрінді қарға көміліп тұрған шөпті итеріп жібергенде, шананың жетегі сынып жүре алмай тұрған ортаға жегілген ат бүктетілген бойынша шананың астында қалды. Жанына жеккен ат қайрылып сыртқа шығып кетті. Хажымұқан шананы кейін итеріп астындағы атты босатқанша, ол өліп те кетті. Шөпші біраз демін алып отырды да, өлген аттың қолдауынан делбені салды да, кеудесін көтеріп, шөптің бастырығынан байлады. Бөксесін ыйығына салып тұрып, шананың үстіне лақтырып жіберді. Өзі қалған атқа пар болып шөпті қаланың шетіне шейін сүйреп келді. Қалаға кірген соң екінші атта аяғын басудан қалды. Оны шананың артына байлап салып, өзі сүйрей берді. Ел тұрып, қорасының қарын күрей бастағанда, Хажымұқан Масликовтың қорасына кеп кірді. Бұл алып күштің кім екенін білу үшін, Масликовтың қорасына келгенше, жүздеген қала адамы шананың артынан өрген еді.

Төбедей болып үстіне шөп үйіле тиелген шана қораға атсыз кіргенде, Масликовтың үй іші, жалпы жігіттері үрейлене далаға шығысты.


— Ойбай, ат қайда, иттің баласы? — деп жан даусы шықты байдың.

— Шөп те, атта шананың үстінде, қожайын, далада қалған ешнәрсе жоқ, — деді бала. Қожайын өлген атты көріп:

— Шақырыңдар городовойды. Мынаған ақті жазсын — деді.

Кешікпей-ақ екі городовой келіп:

— Сүйрет шананы шөп, атымен, дуан басына алып барамыз, — деді. Хажымұқан шананы сонда сүйретіп кетті.





Біздің

почта

Отрядтың жаңа советі

класста екі жыл қалып қойған бірде-бір пионер болмады.

Отряд пионерлері тек озат оқумен ғана қанағаттануы қойған жоқ, сонымен қатар олар дем ала да білді. Көптеген қызықты жорықтар жасады. Әдебиет үйірмесі орыс және қазақ ақын-жазушыларының өмірі мен жазушылық қызметі жөнінде көптеген баяндамалар ұйымдастырды. Ән-күй үйірмесі колхоз және мектеп сахнасына бірнеше қызықты пьесалар қойып берді.

Өткен жылы жас мичуриншілер де жұмысты жақсы істеді. Олар көктем кезінде ағаш отырғызып, гүл егіп, мектеп маңын безендірді.

Жазғы демалыс кезінде оқушы пионерлер колхозшы ата-аналарының сепімді қолқабысшысы болды. Етіннен мол өнім алуда өздерінің үлестерін қосты. Бұл игілікті істердің барлығы да, әрине, отряд советінің басшылығымен өтті.

Мұнан кейін отряд пионерлері шығып сөйледі. Олар отряд советінің жұмысындағы жетістік жақтарымен бірге, кемшілік жақтарды да айтты.

Отряд пионерлері тек өткен істі ғана айтып қоймады, келешекке де көз жіберді. Олар отряд жұмысын бұдан былай да жақсартудың жолдарын айтып, нақтылы ұсыныстар жасады. Олар оқу жылының бірінші жарты жылдығына әзірлік, отрядтың қыс күндері істейтін істерін белгіледі.

Сөйтіп пионерлер отрядтың жаңадан сайланатын советіне көптеген жаңа тілектер қойды.

Мұнан кейін отряд советін сайлау басталды. Пионерлер өздерінің ең таңдаулы достарын жаңа отряд советіне сайлады. Олардың ішінде Мәміш Мәлікова, Алма Еңсебаева, тағы басқалар бар.

Қабдыслам ТОРТАЕВ,

Семей облысы, Ақсуат ауданы,
Ақсуат қазақ орта мектебі.



Ақсуат орта мектебінің алдындағы алаң мойындарына алқызыл галстук байлап, омырауларына қызыл значок таққан жас пионерлерге лық толды. Олар бүгін өздерінің таңдаулы достарын отряд советіне сайламақ.

Жыйында отряд советінің председателі Мәміш Мәлікова отрядтың жыл бойғы істеген жұмысы жөнінде есеп берді. Ол ең алдымен отряд пионерлерінің оқуы туралы айтты. Өткен оқу жылында оның отрядының пионерлері келесі класқа кілең бестік және төрттік бағалармен көшті,

Кітап күні

Біздің мектептің оқушылары мен пионерлері сейсенбі күнін «кітап күні» деп атайды. Өйткені бұл күндері олар өздерінің пионер белмесіне жыйналады. Сонсоң бір пионер ортаға шығады. Ол, күні бұрын беріліп қойған тапсырма бойынша, бір кітап туралы баяндама жасайды. Баяндама ұзаққа созылады. Әуелі кітаптың аты мен авторы, басылып шыққан мезгілі айтылады. Одан кейін оның қысқаша мазмұны баяндалады, мұнан кейін ол оның басты кейіпкерлеріне жеке-жеке тоқталады. Баяндамашы өзінің баяндамасын кітаптың идеялық мазмұны, көр-



кемдік мәні туралы түсіндірме сөздермен аяқтайды.

Мұнан кейін баяндамашыға көптеген сұрақтар қойылады. Баяндамашы қойылған сұрақтардың бәріне

жауап қайтарады. Сұрақтарға жауап қайтарылып біткеннен кейін, тыңдаушыларға сөз беріледі. Олар талқыланған кітап туралы өздерінің пікірлерін айтады. Баяндамашының жетістік жақтарын көрсетеді. Баяндамашыны қатты сынап та алады. Айтыс сөз ұзаққа созылады. Кейде мұндай «кітап күнінің» кешкі сағат 6 дан түнгі сағат 10 ға дейін созылып кететін уақыттары болады.

«Кітап күні» балаларға көп пайда береді. Біздің пионерлер «Жас гвардия», «Полк баласы», «Ержүрек он екі», «Зоя», «Қызыл галстук», «Екі капитан», «Нағыз адам туралы әңгіме» атты шығармаларды «кітап күндерінде» оқыды.

Қ. САТЫБАЛДИН

Августың күні төбемде,
Келемін дала жолында.
Алысқа созып аяғын,
Алатау жатыр оңымда.

Солымда жатыр бір өзен,
Толқыны тулап алысып,
Ағасы — Шумен ағысы
Жазықта қатар жарысып.

Бұл өзен — Талас! Жағасын
Береке, бақыт, мал басқан.
Бұл өзен — Талас! Байлығы
Өзенмен талай таласқан.

Көзімді жазбай келемін
Толқыны тентек Таластан.
Орайы келсе төккелі
Таластан кейін бір дастан.

Бір уақ жолым жалт етіп,
Алды да кетті бір жаққа.
Көк мөлдір Талас тұнығы
Жалтырап қалды аулақта.

Жұлдыздай аққан машина
Зымырап талай бел асты.
Көлденең жатқан көп төбе
Көрсетпей қойды Таласты.

Ендігі жолым — кең дала,
Жаядай жалпақ сары бел.
Алыста сағым ойнайды,
Орнатып жерге айдын көл.

Бұл сурет мені тартпайды.
Құштарым қайда, Таласым?!
Тез көрсем екен тағы да
Таластың жасыл жағасын.

Жалт етіп шықтым бір дөңге,
Көріңді Талас тағы да,
Тамаша, ғажап көрініс
Ашылды сонда алдымда.

Таластың бойы төрт түлік —
Қаптаған қалың мал екен.
Мақтанса бүгін бұл Талас,
Мақтанғандай-ақ бар екен!

Төңірек толған төрт түлік
Көз жетер жердің бәрі мал.
Белдерде бырдай шашылып,
Жайылып жатыр жылқылар.

Өзенде, ойда қой жатыр
Қайысқандай қара жер.
Ай мүйізі алшаңдап,
Аралас жатыр ешкілер.

Қарадым қырға, далаға,
Қарадым ойға, өзенге.

Көзімді қайда салсам да,
Мал түсті менің көзіме.

Жүз емес, мынау мың емес,
Миллион жатыр маңырап.
Қоңырау қоңыр үндері
Өлкеге түгел жамырап.

Көптігі көзім талдырды,
Жетпедім санап санына.
Пішәйттап қой қайырған
Келдім бір шалдың жанына.

— Кімдікі, ата, мұнша мал?
Шал айтты күліп:
— Менікі.
Менікі демей не дейін,
Бақытты еркін елдікі.

— «Кеңестөбе» колхозын
Естуің барма, қарағым?
Соның малы.
— Қой қанша?
— Біраз бар ғой. Жыйырма мың.

— Тәуір бар екен, ақсақал!
Өзіңіз кімсіз?
— Шопанмын.
Иесі менмін осынау
Жер қайысқан отардың.

Шопан-атамын десе де,
Нанғадаймын сөзіне.
Төсінде жанған бір жұлдыз
Басылды оттай көзіме.

Риза болдым мен шалға,
Сөзіне, биік ойына.
Құйрықтары қазандай
Көзім тойды қойына.

Көрініп-ақ тұр әр қойдан
Қойшының қалай баққаны.
Жоқ болғанмен қойда тіл
Айтып тұр құйрық-батпаны.

Күртібай екен шал аты.
Қоштастым бұл шалменен.
Тамаша көріп Таласты,
Тағы да астым бір белең.

Төсінде жұлдыз қадаған
Тағы да талай шал көрдім.
Әр төбеден, әр белден
Сыңсыған қалың мал көрдім.

Талас бір шіркін тамаша,
Талайы биік жер екен.
Таласты малға толтырған
Осындай кілең ер екен.

Әр төбесін мал басқан
Кездім Талас даласын.
Кеудемді керіп кең жұттым
Қымыздай таза ауасын.

Ж. САИН

ДНЕПРГЕ ҚАРАДЫ...

Ұрыстан кейін бір солдат
Днепрге қарады.
Сүйгісі келді құшақтап,
Өзі отырған жағаны.

Бұрқанды асау Днепр,
Толқынды беті шымырлап.
Секілді терең бейне өмір,
Солдатқа бір сөз сыбырлап...

Үзіліп солдат үн қатты,
Сезімнің тоқсан тілімен.
Минуттар өтті бір тәтті
Бара-бар ғасыр сырымен...

Құшағын жаза, емірене,
Такады суға маңдайын.
Балқыды мүлде ер дене,
Жібітті қатқан тандағын.

Көтерді басын... көп тұрды.
Дарияға түпсіз үңіліп.
Қызғаныш тартты бір түрлі.
Көңілі мыңға құбылып.

Тынымсыз соққан өмірдей,
Днепр суы зыр қақты.
Толқынмен көзге көрінбей,
Солдат ойы бірге ақты...

Ашулы беті жыбырлап,
«Ием» деді судағы.
Өзіне-өзі сыбырлап,
«Сүйем» деді бұлдағы.

УРЫСТАН КЕЙІН

Қабак қатқан сұрланып,
Үнсіз...

Айқас басталды.
Жосыды оқтар зыр қағып,
Жау бір-бірін бас салды.

Ажал ашып аранын,
Жұтты жанды талғамай.
Қолда қару — жарағым,
Қалған кім бар қандамай.

Өтті нөсер...
Тынды айқас.
Бір тұңғыйық сыр тастап.
Тұрды солдат бір жап-жас.
Қыр басында ойкастап...

Өлік жатты қасында,
Көк шинельге оранған.
Ызғарлы еді басында,
Түсі суық бораннан.

Езу тартты жас солдат,
Автоматын асынып.
Болсадағы өлік жат,
Кетті бетін жасырып.



ГИГИЕНАЛЫҚ ГИМНАСТИКАМЕН ШҰҒЫЛДАНҒАҢДАР!

Гигиеналық гимнастика дегеніміз күн сайын таңертең төсектен тұрғаннан кейін орындалатын дене қыймылдары. Оны таңертеңгі зарядка деп те атайды. Бұл гимнастика адамды тазалыққа баулып, ден саулығын жақсартады. Сондықтан да бұл гимнастика совет физкультурасының маңызды бір бөлегі болып саналады.

Сендер күн сайын ертеңгісің мына төмендегі дене қыймылдарын орындап отырыңдар. Бұл қыймылдар шегізінен адамның бұлшық еттерін шынықтырады, тыныс мүшелерінің дұрыс дем алуын қамтамасыз етеді.

1-жаттығу.

Екі аяқтың арасын екі ыйыққа тең етіп ашып тұрады. 1, 2 дегенде алақанды ішке қаратып, екі қолды төменнен орай жоғары көтереді. Аяқты ұшынан басып, көтеріліп тұрған қолының ұшына қарап демін ішіне тартады. 3, 4 дегенде алақанды сыртқа қаратып, қолын төмен түсіреді. Табанымен толық жер басып, демін сыртқа шығарады.

2-жаттығу.

Екі аяқтың арасын екі ыйыққа тең етіп ашып тұрады. Жұдырығын түйіп, қолын екі жаққа созады. Бір дегенде кеудені сол жаққа қарай бұрып, оң қолды дененің алдына қарай, ал сол қолды дененің артына қарай созады, демін ішке тартады. Екі дегенде әуелгі тұрған қалыпқа келіп, демін сыртқа шығарады. Қайта бір дегенде кеудені оң жаққа қарай бұрады. Сол қолды іштей айналдырып дененің алдына, оң қолды дененің артына созып, демін ішке тартады. Екі дегенде әуелгі қалыпқа түсіп, демін сыртқа шығарады.

3-жаттығу.

Екі аяқтың арасын екі ыйықтың тұсына теңеп, алақанын жерге қаратып, екі қолын екі жаққа созып тұрады. Бір дегенде тізені бүкпей, кеудені төмен қарай еңкейтеді. Қолды арттан, ыйықтан асыра айналдырып әкеліп, кеуденің алдына айқастырып тұрады. Бұдан соң кеудені азлап көтеріңкіреп барып, демді ішке тартады. Екі дегенде төмен қарай еңкейіп, алақанды жоғары қаратып, қолды екі жаққа созады, өзі алға қарай жоғары қарап тұрып, демді сыртқа шығарады. Жоғарғы қыймылдар түгел орындалып болған соң, екі аяқты бір жерге қатар басып тұрады.

4-жаттығу.

Өкшені біріктіріп, аяқтың басын екі жаққа қарай ашып тұрады. Алақанды жоғары қаратып, қолды екі жаққа созады. Бір дегенде аяқтың ұшынан басып, алға қарап отырады. Қолды көтеріп, бастың үстінен алақан соғады. Екі дегенде қолды жоғарыдан түсіріп, екі жаққа созады. Үш дегенде сол отырған күйі жұдырықты түйіп, қолды ыйыққа қарай шынтақтан бүгеді. Төрт дегенде орнынан тұрып, қолды екі жаққа созады. Жаттығу соңынан қолды төмен түсіріп тұрады.

Н. ХВАТОВ.

Қазақтың мемлекеттік физкультура институтының аға оқытушысы

*Шебер жанша таранған,
Жабы қанды жарау көк,
Денең сенің күш толған,
Көлкіп жатқан сел болған,
Бойында сыр бар-ау көп!*

Ф. ДІНИСЛАМОВ

(„Энергия“ колхозының майданнан жараланып қайтып келген көк аты туралы)


Шекесінен қаранған,
Шебер жанша таранған,
Жабы қанды жарау көк,
Денең сенің күш толған,
Көлкіп жатқан сел болған,
Бойында сыр бар-ау көп!

Тап көзіңнің алдынан,
Таңбалы дақ қалдырған,
Қандай жарақ, жануар!
Ауыр жолды өткендей,
Ащы терді төккендей,
Аянышты жазу бар...

Тұрса дағы өр-қыя,
Көлкіп жатсын дария,
Көз жұмбастан өтіппе ең?
Жаудыр көзің шырақтай,
Жар қанатты пырақтай,
Мұратыңа жетіппе ең?

Желіп кетсең желге еріп,
Жебеушіңе дем беріп,
Жауға жете ұшыппа ең?
Қақаса да оқ борап,
Қаймықпастан топты орап,
Оқ жалынын құшыппа ең?

Ер қанаты — жарау көк,
Еңбектерің бар-ау көп,
Ел есінен кетпестей.
Теңселтсе де тиген оқ,
Тегіндікпен күйген жок,
Шыққан терің кеппестей.



М Е К Т Е П Х О Р Ү Й І Р М Е С І

Б. ФИЗАТОВ

Мектеп оқушылары үшін хор үйірмесінің тәрбиелік маңызы өте зор. Ол оқушылардың музыкалық қаблетін, өнерін, білімін және музыкалық мәдениетін арттырады, оның бер жағында, оқушыларды жалпы халық әндерімен, классиктердің және совет композиторларының шығармаларымен таныстырады.

Мектептерде оқушылардың хор үйірмесін қызықты етіп ұйымдастыруға болады. Ол үшін, ең алдымен, мектептерде хор үйірмесінің тәрбиелік маңызы туралы түсінік жұмысын жүргізу керек. Сонда оқушылар үйірме жұмысына үзбей қатынасып отыратын болады. Үйірме жетекшісі мүшелер арасында ұйымдастыру жұмыстарын аяқтаған соң, жұмысқа кіріседі.

Алғашқы сабақтарды әруақытта бір дауысты әндерді үйретуден бастау керек. Ән басынан аяғына дейін бір дауыспен айтылатын болса, оны бір дауысты ән дейміз. Бір дауысты әнді үйірмедегілердің бәрі қосылып, бір дауыспен орындайды. Үйірме мүшелері бұл бір дауысты әндерді орындауларымен қатар, ол әннің бастамасын, қайырмасын және барлық шумағын айыра білулері керек. Әнді өзінің екпінінде, үнін бұлжытпай, ырғағын бұзбай, таза айтуға дағдыландыру керек.

Бір дауысты әндерді орындауды игеріп алған соң, жеңіл екі дауысты әндерге көшуге болады.

Ән екі түрлі дауысқа бөлініп айтылса, оны екі дауысты ән дейміз. Екі дауысты әнге көшкенде, үйірме мүшелері дауыстарына қарап бірінші дауыс және екінші дауыс тобы болып екіге бөлінеді.

Үйірме жетекшісі оқушыларды дауыстарына қарай екі топқа бөледі. Бірінші топтағы оқушылардың дауыстары жіңішке, екінші топтағы оқушылардың дауыстары жуандау болуы керек.

Бұл бірінші және екінші дауыс тобын музыкалық ғылыми тілмен айтқанда, бірінші дауыстарды — «дискант», екінші дауыстарды — «альт» деп атайды.

Үйірме мүшелерін бірінші және екінші дауыс тобына бөлгенде, екі жақтың да сан жағынан тең болуын ұмытпау керек.

ӘНДІ ҮЙРЕТУ ЖОЛЫ

Үйірме жұмысы басталар алдында жетекші оларға өлеңнің мазмұны, әннің орындалу тәртібін, өлшеуін, екпінін, түрлі көркемдік шартты белгілерін, әннің бастамасын, қайырмасын, шумағын айырып түсіндіреді. Бір дауысты әнді үйретерде, үйірме же-

текшісі сол әнді өлеңімен гармонь, скрипка немесе домбыраға қосылып орындап береді. Содан кейін оқушыларға ән ұнады ма, не ұнамады ма, сол туралы пікірлерін айтқызады. Егерде ән оқушыларға ұнаса, жетекші әннің өлеңін балаларға жаттаттырады.

Өлеңді жаттап алғаннан кейін, жетекші әннің бастамасын оқушылармен асықпай, жай екпінмен айтып байқайды. Оқушылар әннің тональностисінен (үнінен) шығып кетсе, жетекші сол жерде өзі қайталап айтып, түзеп жіберу керек.

Әннің бастамасын үйренгеннен кейін қайырмасын, барлық шумағын үйретуге кіріседі.

Ал, екі дауысты әнді үйретуге кіріскенде, жетекші мұны алдымен өзі музыка аспабымен орындап береді.

Екі дауысты әнді үйретудің бір ерекшелігі бар. Әннің бірінші дауысын музыка аспабына бірнеше рет ойнап, оны бірінші дауысты орындайтын «дискант» тобына үйретіп алу керек. Содан кейін әннің екінші дауысын да музыка аспабына жеке орындап, екінші дауысты орындайтын «альт» тобына үйрету керек.

Әннің бірінші және екінші дауыстарын үйірме мүшелеріне жеке үйретіп болған соң, екі дауыс тобын бір қосып айтқызыған жөн.

ХОР ҮЙІРМЕСІНІҢ РЕПЕРТУАРЫ МЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Жетекші үйірме жұмысында ай сайын жоспар жасап, жұмысты сол жоспар бойынша жүргізіп отырады. Жұмыс жоспарына: үйірме жұмысының расписаниесі, оқушылардың жалпы музыкалық және саяси білімін көтеретін түрлі лекциялар кіргізіледі. Лекцияны музыканың тарихы жөнінде, ұлы орыс халқының композиторлары мен қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы және совет музыкасының дамуы туралы жасауға болады. Лекция соңынан, сол лекцияға байланысты концерт ұйымдастырылады.

Хор үйірмесінің репертуарына кірген өлең, әндердің идеясы жоғары бүгінгі сталиндік бақытты өмірдің мақсатына сай халық әндері, орыс және қазақ композиторларының шығармалары, ССР Одағы халықтарының да әні мен күйлері болуы керек. Оқушыларға үйретілетін әндер олардың патриоттық сезімдерін өрістететін, оларды коммунистік рухта тәрбиелейтін болсын.

Мұнымен қатар, әннің мелодиясы

жеңіл, өлеңнің мазмұны түсінікті, қызықты болуы керек.

КОНЦЕРТТИ ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕРЕК

Хор үйірмесі өзінің жұмысына кіріскен күннен 2—3 ай өткен соң концерт ұйымдастыра алады. Үйірменің бірінші концертінің программасы 45 минуттен аспайтын болсын. Үйірме жетекшісі оқушылардың жеке ән салатынын, домбыра тартатынын, билейтінін және тақпақ (көркем сөз) айтушыларды тізімге алады.

Бірінші концерттің программасын мына түрде кұруға болады:

1. Үйірме мүшелері музыка аспабына қосылып, үйірме жетекшісінің басқаруымен 4-5 ән орындайды.

2. Жеке оқушы домбырамен күй орындауына болады.

3. Би көрсетуге болады.

4. Тақпақ (көркем сөз) айтады.

5. Домбыра, гармонь немесе мандолинге қосылып, жеке ән салуға болады.


6. Қайтадан хор үйірмесі мүшелері қосылып, бірнеше әндер айтады.

Концерттің программасын оқушы басқарсын. Концерттің артынан көпшілік ойындары ұйымдастырылуы керек.



36-қызбалалар мектебі (Алматы қаласы) оқушылары мен пионерлері Октябрь революциясының 31 жылдық мерекесіне лайықты сыйлықтар әзірледі.

Суретте: Валя Басалова оқушыларға ұя жасап тұр.



Ойлап тап

БҮЛ ҚАЙ САН?

Балалар! Бір сан 7ге қалдықсыз бөлінгенмен, 2, 3, 4, 5, 6 ға бөлгенде 1 қалдық қалады.
Бұл қай сан?

Жіберген Н. ОРАЗБАЕВ
Шымкент қаласы, орта мектеп.

ЖҰМБАҚ — ЕСЕП

Балалар! 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 сандарынан 9999 санын жазып көріңдер.

Жіберген Құлжабай ҚАСЫМОВ
Талдықорған облысы, Киров ауданы, Ақтекше орталау мектебі.

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1948 жылғы № 9 санында басылған омоним сөздердің шешуі:

1. Атлас. 2. Ат. 3. Көк.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: Рахия Сұлтанова (Семей облысы, Шар станциясы, 60-мектеп) Хайролла Бапаев (Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы, Жамбыл қазақ орта мектебі) Ертай Садықов (Қарағанды қаласы № 2 Қазақ орта мектебі.)

ШАРАДАЛАР

1. Басқы буыны бұйрық рай, екіншісі етістіктің жұрнағы. Екеуін қосқанда пайдалы кендердің бірінің аты шығады.

2. Бас буыны дауысты дыбыс, екіншісі бітеу буын. Екеуін қосқанда ССР Одағындағы бір түбектің аты шығады.

3. Басқы буыны — зат есім. Екінші буыны судың өзгерген түрі, Екеуін қосқанда қазақ ақынының аты шығады.


4. Басқы буыны — екі әріп, бұйрық рай.

Екінші — септік жалғау, тағы саған.

Үшіншісі — есімдік, табу оңай: Өскемен өлкендегі мен бір қалам.

Жіберген

Ағынбай ИЗМАҒАНБЕТОВ
Қызылорда педучилищесі.



Балалар! Сендердің алдарында Абайдың таңдамалы бес өлеңінің алғашқы беттері ашық жатыр. Бірақ әрбір өлең жолдарының тек бас әріптері ғана көрінеді.
Бұл Абайдың қай өлеңдері, соларды табындар!

Шинель

Е. БЛАГИНИНА

— Шинельді несің сақтайсың? —
Деп сұрадым әкемнен.

— Жыртпайсың неге, жақпайсың? —
Деп сұрадым әкемнен.

— Әрі тозық, әрі кір,
Жөндеп өзің қарашы!
— Жаурыны тесік, бір дал-дұл,
Жөндеп өзің қарашы!

— Сақтауымда себеп бар. —
Деді әкем жауапқа.

— Жақпауымда себеп бар. —
Деді әкем жауапқа.

— Мен үшін ол қымбатты,
Сол шинельді киіп біз,
Жауға қарсы аттанып,
Шықтық оны жеңіп біз,

Аударған М. ӘЛІМБАЕВ.

МАЗМУНЫ

	Беті
Ә. Жангелдин — Олар жас ұрпақтардың бақыты үшін күресті	1
Б. Тоқтаров — Алтын күн (өлең)	2
Ғ. Сланов — Жарастың әңгімесі	3
К. Оразалин — Орыс орманында (повестен үзінді)	6
Ә. Марғұлан — Н. М. Пржевальский — ұлы жаһанкеш	9
Ж. Молдағалиев — Ұлы ананың ұлдары (өлең)	10
Комсомолдың XI-съезі шақырылады	11
Н. Ғабдуллин — Суретін көргенде (өлең)	11
Астана пионерлерінің слеті	12
Б. Сланов — Бір мектептің пионерлері	14
ҚазПИге 20 жыл	16
Қ. Әбдіқадіров — Алып күн (әңгіме)	17
Біздің почта	18
Қ. Сатыбалдин — Талас бойында (өлең)	21
Ж. Сани — Екі өлең	21
Н. Хватов — Гигиеналық гимнастикамен шұғылданындар	22
Ф. Дінісламов — Жарау көк (өлең)	22
Б. Ғизатов — Мектеп хор үйірмесі	23
Ойлап тап	24
Е. Благинина — Шинель (өлең)	24

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған К. Баранов.

Редколлегия мүшелері:
Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Ә. Бектұров, К. Борамбаев, Х. Доспанова, К. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.
Тех. редактор А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 20/XI 1948 г. УГ04602
Объем 3 п. л., Тираж 10.0000

Гостипография № 3 Управление Полиграфии и Издательств при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата Зак. 823



Менің пікірім бойынша...

Жуырда Талдықорған қаласында «ПИОНЕР» журналы оқушыларының конференциясы болып өтті. Конференцияда журналдың қызметкері «Ауылдық жас тілшілердің міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндама соңында оқушылар журналдың бүгінгі жұмысы туралы өз пікірлері мен тілектерін айтты.

Біз конференцияда сөйлеген оқушыларымыздың кейбіреулерінің сөздерін қысқартып басып отырмыз.

Балалар! Сендер де біздің журналдағы өздерің оқып ұнатқан әңгімелер, өлеңдер тағы басқа шығармалар жөнінде, жалпы журнал туралы пікірлеріңді үзбей жазып тұрыңдар.

Зейнеп ИЛЪЯСОВА

Талдықорған қаласы, қазақ орта мектебінің
IX класс оқушысы.

Мен «ПИОНЕР» журналында басылып шыққан көркем әңгімелерді қызығып оқыймын. Оқыған әңгімелердің ішінде маған өте-өте ұнағандары «Асылжан», «Алыпты ашқан Апақ» және «Адам туралы аңыз» деген әңгімелер болды. Мен бұл әңгімелерді тіпті әке-шешеме де оқып бердім, олар да қызығып тыңдады. 13 жасар Апақтың зейінділігі, байқампаздығы маған өте ұнады. Ол өзінің осы байқампаздығы арқасында отанымыздың үшінші көмір ошағы болып отырған атақты Қарагандыны ашады. Өлке тану саяхатына шыққан сайын мен Апақты есіме аламын. Мен де сондай бір алыпты ашсам деп арман етемін.

Екінші маған ұнаған әңгіме «Адам туралы аңыз». Бұл әңгімедегі қарт партизанның бейнесі, оның азап түгіл, ажал алдында бас имеуі маған өте ұнайды. Бұл қарапайым Совет адамының батырлық бейнесі біздерді де ерлікке баулыттыны сөзсіз.

Бірақ журнал өзінің беттеріне оқытушылардың кеңесін аз басады. Менің ойымша, әрбір жекелеген пән туралы, оларды қалай оқу және дайындау туралы оқытушылардың, оқымыстылардың кеңесін жиі басып тұрса, деймін, сонда мұның өзі мектепте жүретін сабақтарды біздің еркін меңгеруімізге, оны тереңірек білуімізге көп көмек болар еді.

Рысжан ӘЛІМБАЕВ

Талдықорған облысы, Киров ауданы,
Еңбекші қазақ орталау мектебінің оқытушысы.

Мен 1946 жылдан бері «ПИОНЕР» журналын үзбей оқып тұрамын.

Журналдың аз ескеріп келе жатқан бір мәселесі бар. Ол — пионер ұйымының тарихын суреттейтін шығармалар аз жазылады. Бұған жақсы назар аудару керек.

Журналдың екінші кемшілігі физкультура және спорт ойындарына (дене шынықтыру жаттығулары, түрлі пирамидалар) көңіл бөлінілмей келеді. Мұндай ойындардың ережелері

аз жарыяланады. Физкультура, спортпен қалай шұғылдану туралы спорт шеберлерінің тәжірибелері берілмейді. Осының салдарынан мектептерде физкультура және спорт жұмысын өркендете беруге журналдың көмегі жеткіліксіз болып отырған сияқты. Бұ да шындап қолға алатын мәселе.

Журнал редакциясы менің бұл пікірлеріммен санасып, журнал жұмысын жақсартпа береді деп сенемін.

Елжас БЕЙСЕНБЕКОВ

Талдықорған қаласы, қазақ орта мектебінің VIII класс оқушысы.

«ПИОНЕР» журналы — біздің әрі ақылшымыз, әрі досымыз. Біз оны сүйіп оқыймыз. Кезектегі саны келгенше көптен көрмеген досымызды аңсағандай боламыз.

Ол бізді өмірді тапуга, отанды сүйе білуге үйретеді. Маған быйылғы «ПИОНЕР» журналынан оқыған шығармаларымнан ақын Қалижан Бекхожиннің «Комсомол билеті туралы балладасы» өте ұнады. Бұл өлеңде ақын жау өртеген үйде от ішінен комсомолдық арын-билетін сақтап қалған Мария деген комсомолканың ерлігін шебер суреттейді. Баллада маған үлкен әсер етті. Қазір мен де сондай хұрметті атты жоғары ұстап, Ленин—Сталин комсомолы мүшесі екендігімді солай ақтай алсам деп арман етемін.

Менің тілегім: осындай сюжеті қызық, тілі жеңіл шығармалар көп басылса екен.

Журналдың маған тағы бір ұнағаны — «Мына кітапты оқып шық» атты бөлім. Бұл бөлім арқылы біз астанадан бірталай жерде тұрсақ та, баспадан жаңа шыққан кітаппен алдын-ала танысып, оны іздеп жүріп оқыймыз.

Журналдың «Білгім келеді» деген бөлімінің білімімізді толықтыруға пайдасы көп. Мысалы: мен осы бөлім арқылы танк, самолет, радио және электрдің бірінші рет біздің елімізде шыққанын білдім. Бұл бөлімде әрбір номер сайын тың тақырыптар жазылып отырса екен.

Журнал бетінде отряд вожатыйының, дружина және отряд советтері мүшелерінің іс тәжірибелері көп жарыяланбайды. Ал пионер жұмысы жөнінде қазақ тіліндегі кітаптар жоқтың қасы деуге болады. Ендеше пионер ұйымының жетекшілерінің жақсы тәжірибесін көпке ортақ ету журналдың басты міндетінің бірі ғой деп ойлаймын.

17.12.98z

Қаз. Гөс. Централды. Кітапхана палата

Бағасы 2 сом.

Жас аңшылар



Сөзі К. Боромбаевтікі.

Суреті В. Нестеровтікі.



Күн демалыс. Досымменен
Аң аулауға шықтық үйден.

Келе жатып көрдік бір із,
Таптық деп із, қуандық біз.



Сол ізбенен кеттік алға,
Малтықсақта омбы қарға.

Орман ішін өттік жарып,
Бітер емес із шубалып.



Ненет Асан тұра қалып:
"Үй! үй!...—деді, айғай салып.

Бұл қалай деп жалт қарадым:
Алдымда тұр Бербасарым.